

ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ

ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮГІ

4-БЕТТЕ



ҚОҒАМ

АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

6-БЕТТЕ



РУХАНИЯТ

КЕМЕЛ

8-БЕТТЕ

@NurSultanNewsBot t.me/elordainfo

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ / 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ASTANA



№73 (4042) | Сейсенбі | 23 маусым 2020 жыл

AQSHAMY



astana.gov.kz

ҚАУІПСІЗДІК ПЕН ТӘРТІП САҚШЫЛАРЫ

Кез келген мемлекет үшін оның полициясы берік қорғаны болуы керек. Қарапайым адамдардың полицияны өзінің қауіпсіздігін толық қамтамасыз етуші ролінде көруі маңызды. Біздегі ішкі істер саласы – ең көп сыналатын сала. Халықтың полицияға деген көзқарасын жақсарту үшін полицияның кәсіби мәдениетін қалыптастыру туралы қаншама әңгіме болды, әлі де жалғасып келеді.

Ал шынында полиция қызметін оңай деп ешкім айта алмайды, тәуекелге бел буып, өмірін қатерге тіге алатын ерік-жігері бар адам ғана ішкі істер саласын таңдайды. Елбасы Н.Назарбаев 2007 жылы 23 маусымды Полиция күні деп жариялағаннан бері бұл салада қаншама өзгерістер болды, жүйені реформалау кезең-кезеңмен жүзеге асырылып келеді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жол-

дауында: «Құқық қорғау жүйесін толық реформалау – аса маңызды міндеттердің бірі. Полицияның мемлекеттік күштік құрылымындағы бейнесі бірте-бірте өзгеріп, қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін азаматтарға қызмет көрсететін органға айналады» деп, ішкі істер органдарын реформалауға 2019-2021 жылдарға 173 миллиард теңге бөлінетінін айтты.

(Соңы 7-бетте)

БАЛАБАҚШАЛАР ЖАБЫЛАДЫ

Нұр-Сұлтан қаласының санитарлық дәрігері Жанна Пірәлиеваның қаулысына сәйкес бүгіннен бастап елордадағы барлық балабақшалардың жұмысы меншік нысанына қарамастан тоқтатылады. Бұрын балалар санын бір топта 15 адамнан асырмау тәртібімен балабақшалар кезекші топтарда жұмыс істейтін.



Эпидемиологиялық жағдайды және тәрбиешілердің COVID-19 жұқтыру фактілерін ескере отырып, мектепке дейінгі мекемелердің қызметін тоқтата тұру туралы шешім қабылданды. Егер балалардың қасында қалдыратын ешкім болмаса, ата-аналардың бірі қашықтан жұмыс режиміне ауысуы керек.

Қабылданған шаралар тек балалардың денсаулығын сақтауға және инфекцияның таралу қаупін азайтуға бағытталған. Балабақшалар жұмысының қайта жандануы қаладағы эпидемиологиялық жағдайға байланысты болады.

«ASTANA AQSHAMY»

ГАЗЕТІНЕ 2020 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!



ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ | € EUR/KZT 452.77 \$ USD/KZT 403.79 ₸ RUB/KZT 5.82 ¥ CNY/KZT 57.08

www.astana-akshamy.kz

4870223050016



ЕҢ ТӨМЕНГІ ЖАЛАҚЫ 1,5 ЕСЕГЕ ӨСТІ

► Премьер-министр Асқар Мамин Парламенттің қос палатасы депутаттарының бірлескен отырысында Үкіметтің 2019 жылғы жұмысы және экономиканы одан әрі дамыту бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы есеп берді.

**Төлен
ТІЛЕУБАЙ**

Үкімет басшысы мұнайға әлемдік бағаның төмендеуіне және сыртқы экономикалық конъюнктураның нашарлауына қарамастан, 2019 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан экономикасының соңғы 6 жылдағы ең жоғары өсімі – 4,5%-ға қол жеткізілгенін атап өтті. Сонымен қатар өсімнің 85%-ы шикізаттық емес салаларды дамыту есебінен қамтамасыз етілген.

Экономика өсімінің негізгі драйверлері – өңдеу өнеркәсібі (4,5%), құрылыс (12,9%), көлік (5,1%) және сауда (7,6%) болды. Негізгі капиталға салынған инвестициялар 8,5%-ға, оның ішінде жеке инвестициялар 9,5%-ға өсті. Сыртқы сауда айналымы \$97 млрд дейін өсті, сыртқы сауданың оң сальдосының өсімі \$19 млрд құрады. Инфляция жоспарланған дәліз шегінде 5,4%-ды құрады. Еңбек нарығында тұрақтылық сақталды. Жұмыссыздық деңгейі 4,8% болды.

Ең төменгі жалақы 1,5 есе өсті.

Осы жылдың 5 айының қорытындысы бойынша Қазақстанның ЖІӨ 1,7%-ға төмендеді. Бұл ретте экономиканың негізгі салаларында өсім қамтамасыз етілді. Тауарлар өндірісі 4,8%-ға артты.

Үкімет басшысы төтенше жағдай кезінде экономиканы тұрақтандыруға және халықты қолдауға бағытталған жедел әрі шұғыл шаралардың 2 топтамасы (биылғы 23-30 наурыз аралығы) қабылданғанын атап өтті. Әлеуметтік әлсіз топтарға қаржылық көмек көрсетілді, оның ішінде қажетті дәрі-дәрмектермен және азық-түлікпен қамтамасыз етілді, банк несиелері бойынша төлемдер уақытша тоқтатылды, салық және басқа да міндетті төлемдерді төлеу мерзімі кейінге шегерілді. Дағдарыс жағдайында жеке сектордың тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін ШОБ-ты жеңілдікпен несиелеу және бизнесті аукымды ынталандыру шаралары қабылданды.

Мемлекеттік бағдарламалар аясын-

да жұмыспен қамту шараларымен осы жылдың соңына дейін 1,2 млн-нан астам азамат қамтылатын болады. Жұмыспен қамтудың жаңа жол картасы аясында 6,5 мыңнан астам жоба іске асырылады. Бұл 255 мың жұмыс орнын ашуға және инженерлік-коммуникациялық және әлеуметтік инфрақұрылымды жаңғырту арқылы өңірлерде халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Бизнестің жол картасы экономиканың аралас салаларында 100 мың жаңа тұрақты жұмыс орнын құруға негіз болады.

Үкімет 2020 жылға арналған экономикалық өсімді қалпына келтіру жөніндегі кешенді жоспарды әзірлеп, белсенді түрде іске асыруда. Биылғы 1 тамызға дейін Экономикалық өсімді қалпына келтіру жөніндегі мемлекеттік комиссияның жұмысы аясында 2025 жылға дейінгі Стратегиялық жоспардың жаңа редакциясы әзірленеді. Ол еліміздің жаңа экономикалық бағдарының негізгі бағыттарын анықтайды.

ДӘРІГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

► Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев медицина қызметкерлерін кәсіби мерекесімен құттықтап, бір топ дәрігерлерді мемлекеттік наградалармен марапаттады.



«Еліміздегі барша медицина қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтаймын! Ауырған жанды емдеу, өмірін сақтау – сіздердің қастерлі еңбектеріңіз. Бүгінде көпшілігіңіз пандемиямен күрестің алдыңғы шебінде жүрсіздер. Қажырлы еңбектеріңіз үшін алғыс айтамын. Аман болыңыздар! Мемлекет сіздерге жан-

жақты көмек береді» деп жазды Президент Twitter парақшасында.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен азаматтардың денсаулығын сақтау үшін жанкешті еңбек етіп, тынымсыз жұмыс істеген медицина қызметкерлеріңіз үшін алғыс айтамын. Аман болыңыздар! Мемлекет сіздерге жан-

ЖӘРДЕМАҚЫ МӨЛШЕРІ КӨБЕЙДІ

► Жыл басынан бері Қазақстанда көпбалалы отбасыларға арналған жеке жәрдемақыны 400 мыңға жуық отбасы алды. Бұл жөнінде «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ баспасөз қызметі хабарлады.



**Ғалым
ҚОЖАБЕКОВ**

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап елімізде көпбалалы отбасыларға арналған жеке жәрдемақы енгізілді. Аталмыш жәрдемақы – төрт және одан

да көп кәмелетке толмаған немесе 23 жасқа дейінгі күндізгі бөлімде оқитын студент балалары бар отбасыларға арналған. Мемлекеттен берілетін көмектің мөлшері бала санына байланысты берілетін. Мәселен, төрт және жеті баласы бар отбасылар 44 448 теңгеден 77 784 теңгеге дейін алады. Бұл жәрдемақы елімізде 392 мың отбасына төленді.

Алайда қолданыстағы ережелерде жәрдемақы алушылардың белгілі бір санатының мүдделері ескерілмегені белгілі болды. Мәселен, 16 баласы бар отбасы 7 баласы бар отбасы сияқты жәрдемақы мөлшерін алатын.

«Аталмыш олқылықты жөнге келтіру үшін Мемлекет басшысы ағымдағы жылдың 13 мамырында 8 және одан да көп баласы бар отбасыларға арнайы жәрдемақы мөлшерін белгілеген заңға қол қойды. Сонымен, 8 балалы отбасы үшін жәрдемақы – 88

896 теңге, 9 балаға – 100 008 теңге, 10 балаға – 111 120 теңге, 11 балаға – 122 232 теңге, 12 балаға – 133 344 теңге, 13 балаға – 144 456 теңге, 14 балаға – 155 568 теңге, 15 балаға – 166 680 теңге, 16 балаға – 177 792 теңге мөлшерінде белгіленген».

Бүгінде ҚР ЕХӘҚМ Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің аумақтық департаменттерінің шешімімен жәрдемақы мөлшерін ұлғайту бойынша 1092 істі бекітті.

Бала санының өзгеруіне байланысты, оның ішінде жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім нысанының күндізгі бөлімінде оқитын (23 жасқа дейін) балаларды есепке ала отыра жәрдемақы мөлшері қайта есептеледі.

Көпбалалы отбасылар мөлшері өзгертілген жәрдемақыны 2020 жылғы 1 шілдеден бастап алатын болады.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутаттығына кандидатты тіркеу туралы Нұр-Сұлтан қаласының қалалық сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 73-бабына сәйкес келіп түскен құжаттарды қарастырып, Нұр-Сұлтан қаласының қалалық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутаттығына кандидатты Нұр-Сұлтан қаласының атынан тіркеді:

Күрішбаев Ақылбек Қажығұлұлы 1961 жылы дүниеге келген, «С.Сейфуллин атындағы Қазақ аграрлық техникалық университеті» АҚ Басқарма төрағасы, Nur Otan партиясының мүшесі, Нұр-Сұлтан қаласында тұрады.

В.РЕДҚОКАШИН,
қалалық сайлау
комиссиясының
төрағасы

► АСТАНАДАН АУЫЛҒА ДЕЙІН...

■ НҰР-СҰЛТАН

2020-2021 жылдарға арналған Жұмыспен қамтудың жол картасы аясында 5 954 жобаны жүзеге асыру басталып, олардың ауқымында 120 мыңнан астам жұмыс орны құрылды. ЖҚЖК аясында жергілікті атқарушы орындар 6 506 жобаны іске асыруға іріктеді.

■ АЛМАТЫ

Алматының орталық көшелері демалыс күндері жаю жүргіншілер жолына айналады. Бұл қанатқақты жоба эпидемиологиялық жағдай тұрақтанған соң ғана басталады. Бірінші кезеңде Алматы ауданының бес көшесі әр жексенбі сайын бір күнге жабылады.

■ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

Облыста соңғы бес жылда туристер саны екі есе өсіп, 2 млн 227 мың адамды құраған. Өткен жылы аймақта туристер қабылдайтын 781 нысан жұмыс істеп, ол 2272,3 мың адамға қызмет көрсеткен. Биылғы бірінші тоқсанда Алакөл ауданында сомасы 110 млн теңгеге үш нысан іске қосылды.

■ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Ақын Жұбан Молдағалиевтің 100 жылдығына орай Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданында балалар мен жасөспірімдер туризм орталығының ұйымдастыруымен қатысушылар Орал, Нұр-Сұлтан, Өскемен, Алматы қалаларына велосипедпен сапарға шықты.

■ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

Өңірде «Жастар таза Түркістан үшін!» тақырыбында аймақтық алғашқы плаггинг марафоны өтті. Бұл игі шараны облыстық Жастар ресурстық орталығы Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне орай ұйымдастырған. Оған 40-қа жуық еріктілер мен жастар қатысып, қаладағы Жеңіс саябағын қоқыстан тазартты.

ЖҰМЫС БАРЫСЫН ОНЛАЙН РЕЖИМДЕ ТАЛҚЫЛАДЫ

» Кеше елорда әкімі Алтай Көлгінов онлайн режимде қаладағы бірқатар мәселелерді талқылады.



«Жұмыспен қамтудың жол картасы» аясында 130-дан аса жоба жүзеге асырылып, 15 мың жұмыс орнын ашамыз. Олардың қатарында жолдар, мектептер, емханалар, балалар алаңдары мен скверлердің құрылысы бар. Спорттық-мәдени нысандар және басқа да ғимараттар жөндеуден өтеді. Тұрғындарды бірінші кезекте жұмыспен қамту орталығы арқылы жұмысқа орналастырамыз» деді қала басшысы.

Жалпы, қалада пандемия мен карантин уақытында бірқатар кәсіпорынның

жұмысы тоқтағаны белгілі. Сондықтан жаңа жұмыс орындарын құру шаһар тұрғындары мен қала экономикасы үшін өте маңызды болып отыр. Осыған дейін «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында елордада 3600-ден аса адам жұмысқа орналасты.

Биыл қалада 150 көше жөнделіп, кейбіреуі жаңадан салынады. Оның 100-і – елді мекендерге тиесілі. 150 аула мен 50 тынығу бағы жөнделеді. Сонымен бірге «Жастар» сарайы, Қ.Мұңайтпасов атындағы стадион сияқты бірқатар

спорттық-мәдени нысандарда жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

«Бағдарлама аясында бірқатар мектеп, емхана, оңалту орталықтары мен басқа да әлеуметтік нысандарды салып, кейбіреуін саламыз. Сонымен қатар бағдарлама Есіл өзенінің арнасын қайта жаңарту жұмыстарын жүргізуге айтарлықтай көмектесті. Бұл қала мен жеке секторда су басу қаупін болдырмауға мүмкіндік береді» деп атап өтті А.Көлгінов әлеуметтік желідегі парақшасында.

КӘСІПКЕРЛЕРДІ ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ

» Nur Otan партиясы астаналық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ерлан Каналимовтың төрағалығымен отырыс өтті.



Жиында елордалық кәсіпкер және қоғам қайраткері Болат Омаров басқаратын кәсіпкерлерді қолдау жөніндегі Қоғамдық кеңестің жұмыс жоспары бекітілді. Қоғамдық кеңестің құрамына басшылардың, кәсіпкерлердің және еңбек ұжымдарының мүшелері сайланды.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің,

шағын және орта бизнес өкілдері, танымал қоғам қайраткерлері, елорданың бастауыш партия ұйымдарының төрағалары қатысқан отырыс барысында кәсіпкер әйелдерді, жас кәсіпкерлерді, мүмкіндігі шектеулі жандарды және пандемиямен байланысты қиын жағдайға тап болған адамдарды қорғау және қолдау шараларын ұй-

ымдастыру мәселелері талқыланды.

Елорда төңірегінде «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асырудың 100 қадамы» Ұлт жоспарын іске асыруға белсенді қатысу үшін Кәсіпкерлерді қолдау жөніндегі қоғамдық кеңес құрылды.

Кеңес жұмысының маңызды бағыты – жеңілдетілген шағын несие бағдарламалары бойынша кәсіпкерлерді қаржыландыру және кәсіпкерлерге коммуналдық меншікті тегін үй-жайлармен қамтамасыз ету болып отыр.

«Әлеуметтік кәсіпкерлік әйелдер, жастар және мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін жұмыспен қамтудың баламалы нысаны ретінде нарықтың қазіргі жағдайына тап болған көптеген адамдар үшін тиімді мүмкіндік болады. Мен бұл жағдайда Үкіметтен ШОБ үшін салықты төмендетуді сұрау керектігіне сенімдімін. Бұл пандемия – кәсіпкерлер үшін ерекше қолдау шараларын талап ететін экстракризис екенін түсінуіміз керек» деді Қоғамдық кеңестің төрағасы.

Қоғамдық кеңес елорда кәсіпкерлерінің мүддесін білдіретін нақты орган ретінде ШОБ және мемлекеттік билік диалогында әрекет етуші, тиімді буын болмақшы.

» 21 маусым күні С.Сейфуллин атындағы Қазақ аграрлық-техникалық университеті базасында жоспарлаған ұлттық бірыңғай тестілеу өтті.

ҰБТ: БІРІНШІ ЕМТИХАН ӨТТІ



Бұл күні ҰБТ тапсыруға жоспарланған 261 түлектің 255-і қатысқан. Оның ішінде Нұр-Сұлтан қаласы бойынша 5 мектептен 249 түлек сынақтан өтті. Яғни, №60 мектеп-лицей, №4 Ж.Жабаев атындағы мектеп-гимназия, №26 мектеп гимназиясы, №34 ЖББОМ, №62 мектеп лицейінен қазақ тілінде – 172, орыс тілінде 77 оқушы ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысқан.

Ал өзге қалалардағы оқу орындарынан 6 оқушы қатысса, шетелде оқуды жоспарлаған 6 түлек сынаққа қатыспаған. Тестілеу кезінде телефон пайдаланғаны үшін 2 түлек аудиториядан шығарылды. Ал №62 мектеп-гимназиясының оқушысы денсаулығына байланысты сынаққа жіберілмеді.

Нұр-Сұлтандағы ҰБТ астаналық арнайы бақылау тобының қадағалауында болды.

Биылғы сынақ бірінші рет жаңа жағдайларда

өтті. Алдымен ұйымдастырушылар мен түлектер коронавирустық індетке байланысты қатаң карантиндік шараларды сақтауға мәжбүр болады. «Нұр-Сұлтан» сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі департаментінің арнайы бақылау тобы мүшелерінің ҰБТ-ны өткізуге қатысуы студенттердің де, ұйымдастырушылардың да ереже бұзушылықтарының алдын алуға тиіс болатын. Ұлттық бірыңғай тестілеу процесінің ашықтығын қамтамасыз ете отырып, тестілеудің әділ өтуіне мүмкіндіктер жасалды. Бұл туралы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетіне барған ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов ұлттық сынақтың өтуі барысы, ұйымдастырылуы жоғары деңгейде екенін атап өтті.

БЕЙБІТШІЛІК КӨШЕСІ ЖАРТЫЛАЙ ЖАБЫЛАДЫ

» Жол желісін орташа жөндеуге байланысты бас шаһардың Бейбітшілік көшесі 5 шілдеге дейін жартылай жабылады.

Атап айтқанда, Бейбітшілік көшесінде Есенберлин көшесінен Бөгенбай батыр даңғылына дейінгі учаскеде жол құрылысы жүргізіледі. Осыған байланысты 21 маусым мен 5 шілде аралығында аталған учаскедегі көлік қозғалысын ішінара жабу жоспарланған.



Беттегі суреттер ғаламтордан алынды

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

Павлодарда Ұлы Абайдың 175 жылдығына орай онлайн марафон өтеді. Оған қатысушылар 40 күнде 175 шақырым жүгіріп өтуі тиіс. Бұл марафонды облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы мен Ertis Runners клубы өткізеді. Марафонның басты шарты – 1 шілде мен 10 тамыз аралығында 175 шақырым жүгіру. Бұған кез келген адам қатыса алады.

МАҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

Медицина қызметкерлері күніне орай аймақтағы Денсаулық саласының дамуына елеулі үлес қосып жүрген 200-ге жуық ақ халатты абзал жандарға алғыс хаттар мен ведомстволық наградалар табыс етілді. Қазіргі таңда Маңғыстау өңірінде коронавирус инфекциясына қарсы 1054 медицина қызметкері жұмысқа тартылған.

ШЫМКЕНТ

Шымкент қаласында «Ақылды күн-бағыс» ақпараттық-танымдық жүйесі іске қосылды. Аталған қондырғыларды «NURCOMTEL» мекемесі қала әкімдігімен бірлесіп отырып шаһардағы саябақтар мен қоғамдық орындарға орнатқан. Қазіргі күні электронды жүйенің 20 данасы қойылды.

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

ТЕСТ ӨНДЕЙТІН ЗЕРТХАНАЛАР ҚУАТЫ АРТАДЫ

» Кеше елордада қосымша екі жүз төсек-орын қойылды және бірқатар мекемелер стационарға қайта бейімделді.

Бас шаһар басшысы Алтай Көлгінов қалалық және жеке меншік емханалар мен ауруханалардың бас дәрігерлерімен, зертханалар мен дәріханалардың басшыларымен онлайн-конференция өткізді. Жиында қосымша төсек-орын санын уақыттылы қойып, медициналық дәрі-дәрмектер мен құрал-жабдықтар қорын толықтыру мәселесі талқыланды.

Егер бұрын жедел жәрдемге мыңнан астам өтініш келіп түссе, қазір 4 мыңға дейін жеткен. Осыған орай, коронавирустың симптомсыз тасымалдаушыларын емдеу үшін медицина қызметкерлері бейнеқоңырау және басқа байланыс арналары арқылы денсаулықты қадағалайды және инфекцияның симптомсыз тасымалдаушыларына барлық мәселелер бойынша

кеңес береді. Пациенттерде симптомдар пайда болған жағдайда ауруханаға жатқызады.

«Бұл – жедел жәрдем мен медицина қызметкерлерінің зор жүктемесі. Жедел жәрдем станциясы базасында ашылған колл-орталық жүктемесі азайтуға мүмкіндік береді. Мұндай колл-орталықтар барлық емханаларда болады, осы бағыттағы жұмыс күшейтіледі. Телемедицинаны пайдалану тәжірибесі жалғасып жатыр. Дәріханаларға қажетті дәрі-дәрмектер уақыттылы әкелінуі тиіс. Өз тарапымыздан қолдау көрсетуге дайынбыз. Барлығымен жеке жұмыс жасауға әзірміз» деді Алтай Көлгінов.

Сондай-ақ зертханалар қуаттылығын арттыруда. Мәселен, «Invivo» зертханасы тест көлемін тәулігіне бір мыңнан екі мыңға дей-



ін көбейтті. «Олимп» адам санының көптігінен және жүйені өңдеу үшін жұмысын жандандырып, жұмыс әлеуетін қолға алды. Тестілеу режимінде мобильді зертханалардың жұмысы іске қосылды. Бұл – тәулігіне тағы 1 мың тест. ПЦР-тесттерді қабылдау және нәтижелерді өңдеу үшін бір топ медициналық қызметкерлер үйретілді.

Қала басшысының мәлімдеуінше, «Травматология

және ортопедия ҒЗИ, Ұлттық ғылыми медициналық орталық, Green Clinic сияқты республикалық клиникалармен КТ өткізу мүмкіндігін бекіту туралы келісімге қол қойылды. Бұл пневмонияны ерте кезеңде анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар қосымша компьютерлік томография мен өкпені жасанды желдету аппаратары сатып алынады.

Наима НУРАЛЫҚЫЗЫ



АВТОБУСТАР ЖАППАЙ ДЕЗИНФЕКЦИЯЛАНДЫ

» Нұр-Сұлтанда автобустар мен автобус паркі ғимараттарында ауқымды дезинфекция жүргізілді.

Естеріңізге сала кетейік, 20-21 маусымда қоғамдық көліктер тоқтатылды. 22 маусымнан бастап қалалық және қала маңындағы маршруттардың қозғалысы қайта басталды. Бағдарларды күнделікті дезинфекциялау жалғасады, барлық жүргізушілер соңғы аялдама орындарында дымқыл тазалау жүргізеді. Автобуска отыру тек алдыңғы есік арқылы жүзеге асады. Төлем қолма-қол ақшасыз SMS, QR коды, көлік картасымен жасалады. Автобуска беттұмшасыз кіруге қатаң тыйым салынады.

ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮГІ

» Өлемді жайлаған індеттің еліміздегі қазіргі екінші толқыны біздің қоғамда ұжымдық жауапкершіліктің нашар екенін көрсетіп берді. Яғни, ол әлі де қалыптасу үстінде. Себебі коронавирустан сақтанайық деп сонау наурыз айынан-ақ қанша ескертілсе де, жасыратыны жоқ, барлығымыз бір адамдай карантин талаптарын сақтаған жоқпыз. Жартылай сенбегендер болды, жартылай сенгеннің өзінде де оған үстірт қарағандар кездесті.



Райхан РАХМЕТОВА

Соның бәрі қосылып келгенде, мемлекет тарапынан қанша қатаң талаптар қолға алынса да, ол тек уақытша ғана жемісін берді. Әрине, үкімет жағынан карантиндік шектеулер пандемияның бірінші толқынында аурудың қатты белең алып кетуіне тосқауыл болуға біраз әсер етті, нәтижесі көрінді. Бірақ жоғарыда айтқандай,

ұжымдық жауапкершілік факторы қалай болғанда да екінші толқынның басталып кетуіне себеп болды. Бұл біздің қоғамда осындай бір жаңаша көзқарасты қалыптастыру керек екендігін аңғартып кетті. Өйткені ұжымдық жауапкершілік – тәртіп пен бірліктің алғышарты.

Сондықтан да қазір, әсіресе, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент сияқты мегаполистер коронавирустың «екінші толқынын» бастан

кешіруде. Ол дегеніміз – ауруханаларда коронавирус жұқтырғандардың саны артып кетуіне байланысты орын жоқ. Тест сынамаларының саны аз, адамдардың бәріне бірдей жетпейді. Медициналық мамани ресурстардың қажуы. «Тас түскен жеріне ауыр», қазір медицина қызметкерлеріне бас иіп, алғыс айту керек!

Айналып келгенде, қазіргі таңда ауырып жатқан адамдар проблемамен бетпе-бет өздері қалып қойды. Бұрын мемлекет көмектескен кезде көпшілігі атүсті қараған болатын, енді «таяқтың екі ұшы бар» демекші, ұжымдық жауапкершілік толық сақталмағандықтан, салмақ қоғамның өзіне түсті. Ол науқас үшін бірінші кезекте психологиялық ауыр соққы болса, екінші кезекте қаржылық қиындықтар тудыруда. Өйткені тесттен өтудің өзі ақылы, дәрілерді де өзін сатып аласың. Отбасына жұқтырмау үшін бөлек үй жалдап кетіп жатқандарды естіп жатырмыз. Ал бұған дейін бастапқы кезеңде мемлекет өзі тексеріп, өзі емдеп, арнайы модульдер салуға ықпал етіп, кешенді шаралар қабылдаған еді. Бұл енді біздің азаматтарға сабақ болуы керек деп ойлаймын. Мемлекет тарапынан да денсаулық сақтау саласында, қоғамдық тәртіпті нығайту бойынша да жандандыра түсер тұстары, әрине, өте көп.



«КАРАНТИНДІК ДЕМАЛЫС» ІНДЕТТІҢ ТАРАЛУЫН БАЯУЛАТТЫ

» Әскерилер, өрт сөндірушілер мен дезинфекторлар: Нұр-Сұлтанда ауқымды дезинфекция жүргізді.

Өткен демалыс күндері қаланың тұрмыс-тіршілігін қамтамасыз ететін нысандарды, дәріханалар мен үй жанындағы азық-түлік дүкендерін қоспағанда, қоғамдық көліктер мен барлық кәсіпорындардың жұмысы тоқтатылды.

Осыған орай Нұр-Сұлтанда ондаған дезинфекторлар, оның ішінде әскерилер және өрт сөндірушілер ауқымды дезинфекция жүргізді. Алдымен адам көп жиналатын Covid-19 инфекциясының ошағы

болуы мүмкін орындар өңделді: саябақтар, алаңдар, аялдамалар, автобустар, қоғамдық орындар және т.б. Сондай-ақ қаланың санитарлық дәрігерінің бұйрығына сәйкес сауда орталығы, базарлар және басқа да адам көп жиналатын орындардың басшылары жұмыс орындарында дезинфекция ұйымдастырды.

«Инфекция қаупі жойылған жоқ, жұқтырғандар саны да, өлім жағдайлары да өсуде. Егер бұрын адамдар COVID-19 туралы тек жаңа-

лықтан білсе, қазір бұл инфекциямен туыстарының немесе достарының біреуі ауырып қалғанда, жақын байланыста болғандар тізімінде болған кезде кездеседі. COVID-19 басқа инфекциялардан науқас үшін байқалмайтынмен ерекшеленеді. Қатаң санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды сақтау керек! Себебі санитарлық нормалардың сақталмауы науқастар санының көбеюіне әкеледі» деді қаланың санитарлық дәрігері Жанна Пірәлиева.



ҚАУІПСІЗДІК – САПАНЫҢ БАСТЫ ӨЛШЕМІ

«БЖЗҚ» АҚ ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйелерінің аудитін жыл сайын табысты өткізіп келеді. Бұл – ақпараттың құпиялылығын, тұтастығын және қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша ұсынылатын қызметтердің жоғары сапасының дәлелі. Сондай-ақ Қордың Қазақстан Республикасының «Ақпараттандыру туралы» Заңында белгіленген ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы аттестаты бар, ол Қордың Қазақстан Республикасының қауіпсіздік стандарттарына сәйкестік бойынша мемлекеттік аттестаттаудан өткенін дәлелдейді.

Біз «БЖЗҚ» АҚ-ға ақпараттық қауіпсіздік деген не және ол қалай жұмыс істейді деген сауалымызға қарапайым және түсінікті тілде жауап беру туралы өтінішпен жүгіндік.

Біздің сауалымызға «БЖЗҚ» АҚ Нұр-Сұлтан қаласындағы филиалының директоры Шәріпов Мұрат Тұрсынұлы жауап береді.

– Мұрат Тұрсынұлы, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін Қор қандай қауіпсіздік шараларын қабылдауда?

– Киберқорғауды қамтамасыз ету мақсатында Қор жаңа және ең сенімді болып танылған құралдарды пайдаланады. Біз үнемі даму үстіндеміз, себебі салымшылардың жеке деректерінің қауіпсіздігі – жұмысымыздағы ең басты бағыттардың бірі. Қор салымдардың сақталуын қамтамасыз етіп қана қоймай, зейнетақы шоттарының иелеріне қатысты деректердің құпиялылығы үшін де жауап береді.

БЖЗҚ ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуі мен жаңа жобалардың іске қосылуына ерекше назар аударады, сондықтан біз деректерді қорғаудың қабатты мультиплатформалық (көп деңгейлі) жүйесін құрдық.

– Аты айбынды естіледі екен. Ол не?

Қабатты қорғаныс – бұл заманауи ақпараттық ортадағы көп векторлы, үнемі өзгеріп отыратын қауіптермен күресудің тиімді тәсілі. Біздің Қор үш сайтты бірдей қамтуға болатын бір метрокластер сақтау жүйесін құрастыру жұмысын аяқтады. Апат орын алған жағдайда осы метрокластер қамтып отырған үш сайттың бірінде әрдайым деректердің толық көшірмесі сақталып қалады. Деректерді өңдеудің осындай резервтік орталықтары Алматы мен Нұр-Сұлтан қалаларында бар, ол өз кезегінде БЖЗҚ-ға тіпті жаһандық немесе табиғи апаттар қауіп төндірген жағдайда да ақпараттық зейнетақы қызметтерін үздіксіз ұсынуға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта мұндай резервтік орталықтар ешқандай ақаусыз жұмыс істеуде және олардың үздіксіз жұмыс істеу көрсеткіші 99,98% құрайды.

– Сіздің сайтқа шабуыл жасалса ше?

– Біздің жүйеде ол да қарастырылған. 2019 жылы біз Қордың WEB-серверлері мен қосымшаларының қорғанысын қамтамасыз ету мақсатында Web Application

Firewall бағдарламалық-аппараттық кешенін өнеркәсіптік пайдалануға енгіздік, ол – веб-қосымшалар үшін желіаралық экрандау. Бұл біздің негізгі сайттың ғана емес, сондай-ақ ұялы қосымша клиенттерінің сұраныстарын өңдеу сайты мен чат-боттарға түсетін сұраныстардың да қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Осының арқасында аталған WEB-серверлер мен Қордың қосымшаларын кешенді кибершабуылдардан, сайттардың бұзылуынан, жүйеге хакерлік шабуылдардан, web-сайтқа зиянды кодты енгізуден, Қордың Web ресурстарын заңсыз пайдаланудан және басқа да қауіптерден қорғау шаралары іске асырылды.

Өнеркәсіптік пайдалануға енгізілген сәттен бастап БЖЗҚ-ның қауіпсіздік жүйесін бұзуға немесе салымшылардың (алушылардың) дербес деректерін жария етуге ниеттенген 105 млн астам түрлі желілік шабуылдар жасалса да, біз оған тойтарыс беріп отырдық.

– Ал сіздер пошта мекенжайларына көп жіберілетін зиянды хабарламалармен қалай күресесіздер? Шынымды айтсам, бұл бәрімізді шаршатты.

– Сіз дұрыс айтасыз, бұл – қазіргі кездегі киберқауіптердің ең негізгісі. Ол «фишинг» деп аталады, мақсаты – пайдаланушылардың құпия деректеріне (логиндерге және парольдерге) қол жеткізу немесе фишингтік хаттарды салымшылардың да, Қор қызметкерлерінің де электрондық поштасына жаппай жіберу.

Осыған байланысты біз «БЖЗҚ» АҚ-ның ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымына және электрондық ақпараттық ресурстарына қатысты киберқауіпті анықтау және оның жолын кесу бойынша тиісті мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынасты үнемі қолдап отырамыз.

– Менің білуімше, қазір Қор қызметкерлерінің көпшілігі қашықтан жұмыс істейді. Қызметкерлердің жүйеге кіруін қалай қамтамасыз етіп жатырсыздар?

– Иә, COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуына және пандемияға байланысты ҚР Президентінің Жарлығымен Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларында ТЖ режимі жарияланған кезде Қор қызметкерлері (кезекші операциялардан басқалар) жұмыстарын өзін-өзі оқшаулау жағдайында жалғастырулары керек болды. Ол үшін қысқа мерзім ішінде көп факторлы аутентификация орнатылған сенімді байланыс арнасы (VPN), желіаралық экрандар мен IDS-тегі қауіпсіздік саясатының тиісті баптаулары жасалып, жұмыс орындарына қашықтан кіру ұйымдастырылды және физика-

лық қолжетімділік пен сақтықты бақылау күшейтілді. Бұл ауқымды жұмыс салымшыларға қызмет көрсету процесін бір күнге тоқтатпастан, жедел және кәсіби түрде жүргізілді.

– Осы бағыттағы болашақ жоспарларыңыз туралы айтып өтсеңіз?

– Жоспар көп. Қор қол жеткізген табыстармен шектеліп қалмайды, алда салымшылар туралы ақпаратты қамтитын криптографиялық деректерді қорғау құралдары мен тетіктерін, оның ішінде қызмет көрсету орталықтарын, мобильді кеңселер мен барып қызмет көрсететін мамандарды қоса алғанда Қордың корпоративтік желісінің барлық байланыс арналарын шифрлеу құралдарын одан әрі дамыту бойынша ауқымды жұмыстар күтіп тұр. Сондай-ақ Қор киберқауіпсіздікті күшейту мақсатында БЖЗҚ ақпараттық жүйелерінен құпия деректердің шығуын болдырмау технологиясын дамыту, салымшылар мен қызметкерлердің олармен жұмыс істеу сәтінде жүйені қолданушыны тану және оған қандай да бір өкілеттілік құқығын беру процесін күшейтуді жоспарлап отыр. Киберқорғауды күшейту жөніндегі тағы бір шара – Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жөніндегі операциялық орталықты (SOC) құру. Тағы қайталап айтайын, Қордың басты міндеті – ақпараттық қауіпсіздік және салымшылар деректерінің құпия сақталуы!

– Сұхбат бергеніңіз үшін алғыс білдіреміз!

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҚОҒАМДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕРГЕ ИКЕМДІ

» Астана мемлекеттік қызмет хабы, ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, Қазақстандағы БҰҰ Даму бағдарламасы (БҰҰДБ) және ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі бірлесіп мемлекеттік қызметкерлердің цифрлық және коммуникациялық дағдыларын дамыту бойынша білім беру шарасын қолға алды.



Дәулет АСАУОВ

Орталық және жергілікті атқарушы органдардың 1000-ға тарта өкілі қашықтан жұмыс істеу режимі жағдайында өз жұмыстарының тиімділігін арттыру үшін негізгі цифрлық және коммуникациялық дағдыларды дамыту бойынша оқытудан өтеді. Бағдарлама инклюзивті және оған қатысатын ерекше қажеттіліктері бар 342 мемлекеттік қызметшінің мүдделерін ескерген.

Оқыту бағдарламасын бұған дейін жүргізілген сауалнама негізінде әзірленді. Сауалнама


нәтижесіне қарай мемлекеттік мекеме басшылары мен мамандардың қажеттіліктеріне бағытталған екі жеке бағдарлама жасалды. Оқудың алғашқы екі күндік тренингі 2020 жылдың 15 маусымында басталып, бұл шара тамыз айының соңына дейін жалғасатын болады.

Астана мемлекеттік қызмет хабының басқарушы комитетінің төрағасы Әлихан Байменов: «Коронавирус пандемиясы кезіндегі жұмыс мемлекеттік органдардың азаматтармен, қоғаммен және экономика субъектілерімен тиімді қарым-қатынас орнату маңыздылығын тағы да көрсетті. Сон-

дай-ақ бұл жағдайда азаматтар тек жылдам және релевантты ғана емес, ашық және заңды шешімдерді күтетінін түсіну маңызды» деп атап өтті.

«Бүгінгі заман талабы бойынша мемлекеттік басқарушылар қоғамдағы барлық өзгерістерге дайын әрі икемді болуы керек. Өз қызметінде жаңа технологиялар мен жобалық тәсілдерді қолдана білуі қажет. Сондықтан біз осы білім беру модуліне өзгерістерге бейімділік, эмоционалдық интеллект, тиімді онлайн-коммуникациялар, жаңа жағдайда өнімділікті басқару, цифрлық дағдылар сияқты ең қажетті тақырыптарды енгіздік. Тренингтерді Академияның Кәсіби даму институтының сертификатталған бизнес-тренерлері мен мамандары өткізетін болады» деп атап өтті Мемлекеттік басқару академиясының ректоры Ерлан Әбіл.

Оқыту интерактивті оқыту түрлерін қолдана отырып, нақты уақыт режимінде онлайн форматта жүргізіледі. Мұнда шағын топтарда жұмыс істеу, практикалық тапсырмаларды орындау қарастырылған. Бағдарламаның нәтижесі бойынша қатысушылар ағымдағы жағдайды ескере отырып, қызметтерін одан әрі жетілдіру жобаларын әзірлеу жоспарланған.



ЖОСПАРЛЫ ҚАБЫЛДАУ МЕН НАУҚАСТЫ ҚАРАУ ТОҚТАТЫЛАДЫ

» Эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, бүгіннен бастап елорда емханаларында науқастарды жоспарлы қабылдау мен қарау тоқтатылады.

Дәлірек айтқанда: ересектер мен балаларды профилактикалық қабылдау, оның ішінде скринингтер, жоспарлы стоматологиялық, оңалту қызметтері, денсаулық мектебі, медициналық-әлеуметтік қолдау, МӘС құжат рәсімдеу, күндізгі бөлімнің жұмысы, жоспарлы түрде ауруханаға жатқызуға жолдама беру, тәуліктік және күндізгі стационар бар. Сонымен бірге мамандардың жоспарлы консультациялық көмек көрсетуі онлайн форматқа ауыстырылады. Диспансерлік тіркеуде тұрған азаматтарға қажетті рецепт онлайн беріліп, дәрі-дәрмекті үйге жеткізіп береді.

Сондай-ақ халықты вакцинациялау екпенің ұлттық күнтізбесі бойынша жоспарлы түрде

жүргізіледі. Жүкті әйелдерді қабылдау, УДЗ скрининг жүргізу штаттық режимде қалады. Қала емханалары тек шұғыл және КВИ белгілері бар науқастарды ғана қабылдайды. Коронавирустың ауру белгілері жоқ адамдарды емдеу үшін медицина қызметкерлері бейнеқоңырау және байланыстың басқа да арналарын пайдалану арқылы азаматтардың денсаулығын қадағалап отырады және инфекцияның симптомсыз түріне қатысты мәселелер бойынша консультация өткізеді. Ауру белгілері байқалған бойда оларды ауруханаға жатқызады.

Кешеден бастап елордада қосымша 200 орындық стационар дайындалды. Қажеттілік туындаған жағдайда басқа да ұйымдар стационар ретінде бейімделеді.





КӘСІБИ КАДРЛАР – ЕЛІМІЗДІҢ МАҢЫЗДЫ РЕСУРСЫ

» 2003 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы 23 маусым мемлекеттік қызметші күні деп белгілеп, ұйымға қатысушы елдерді осындай күнді өздерінде атап өтуге шақырды. 2013 жылдың желтоқсанында республикадағы кәсіптік мерекелер тізбесіне толықтырулар енгізу туралы тиісті Жарлыққа қол қойды. 2014 жылдың маусым айынан бастап Қазақстанда мемлекеттік қызметшілер күнін атап өтіле бастады.



Мемлекеттік қызмет қызметкерлерінің тиімді және кәсіби қызметі – кез келген елдің жетістігі мен өркендеуі. Сондықтан да Мемлекет басшысы оны жетілдіру мәселелеріне баса назар аударуда. Мемлекеттік аппарат жұмысының сапасы жылдан-жылға жақсарып келе жатқаны да атап өткен жөн. Мемлекеттік аппаратты кәсібилендіру институттары заңнамалық түрде енгізілді, атап айтқанда: меритократия қағидаттарына негізделген мансаптық ілгерілету; даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру; еңбекті, оның ішінде бонустық жүйені қолдана отырып уәждеу; тек мәртебеге ғана емес, нәтижелілікке, жұмыс көлеміне, жауапкершілік деңгейіне байланыстыруды ескеретін еңбекке ақы төлеудің жаңа жүйесін енгізу.

Барлық осы институттар мемлекеттік қызметкерлердің біліктілігі мен кәсібилігін арттыруға, мемлекеттік қызметтің дербестігін қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын төмендетуге, қызметкерлердің лайықты еңбек ақысын және мансаптық ілгерілеуін қамтамасыз етуге, халықтың билік институттарына деген сенім деңгейін және ақырында мемлекеттердің жаңа экономикалық саясатын іске асыру жағдайында мемлекеттік аппаратты тиімділігін арттыруға бағытталған.

Нұр-Сұлтан қаласы бойынша мемлекеттік қызметі – 3484 тәжірибелі, білікті, өз ісіне берілген мемлекеттік қызметкерлерден тұратын кәсіби құрам болып табылады.

Оның ішінде, елордадағы жергілікті атқарушы орган-

дардың қызметкерлері – 909 адам, орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің қызметкерлері – 2575 адам. Әрбір қызметшінің мемлекеттік қызметтегі орташа өтілі – 9 жылдан астам.

Мемлекеттік қызметте ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының 45 түлегі және «Болашақ» бағдарламасының 20 түлегі жұмыс істейді. Мемлекетті өз ісіне адал кәсіпқойлар ғана алға қойған мақсатқа алып келеді.

Мемлекеттік қызмет – бұл ең алдымен адамдар мен тиімділік әрбір мемлекеттік қызметшіге, оның тәжірибесіне, қайсарлығына, сондай-ақ кәсіби және жеке қасиеттеріне байланысты. 2020 жыл – әлемдік экономикадағы оқиғалардың даму жөніндегі болжамдарды ескере отырып, ел өміріндегі ерекше жыл. Қазіргі дағдарыстың салдарын еңсеру жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыру жауапкершілігі барлық мемлекеттік қызметшілерге жүктеледі. Біздің азаматтарымыз бен жалпы еліміз үшін дағдарыстың салдарын қалай тез түзетеміз олардың ісқимылының кәсіпқойлығы, үйлесімділігі мен тұтастығына байланысты.

Тәуелсіз Қазақстанның тарихы табысты мемлекет кәсіби және тиімді мемлекеттік қызмет негізінде құрылуы мүмкін екенін тағы да растады.

Әрине, мемлекеттік қызметшілердің Тәуелсіздікті қалыптастыруға, дамытуға және нығайтуға қосқан зор үлесін толықтай мақтаныш етуге болады.

Баршаңызды кәсіби мерекелеріңізбен құттықтаймын! Сіздерге және отбасыларыңызға зор денсаулық, игілік және барлық бастамаларыңызға табыс тілеймін.

Мемлекет басшысы алға қойған міндеттерді орындау біздің әрқайсымыз үшін өзінің кәсіби және патриоттық борышы деп санайтынына сенімдімін.

Жандос СӘРСЕН,
Мемлекеттік қызмет істері агенттігі
Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаментінің басшысы

АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

» Биыл мемлекеттік қызметшілер күні алтыншы рет өтіп отыр. Мемлекеттік қызметші болу көп адамның қолынан келмейді. Ол үшін асқан жауапкершілік пен кәсіби білім, біліктілік қажет. Қазір еліміздің дамуына бағытталған қаншама бірегей стратегиялық бағдарламалар жүзеге асып жатыр. Солардың тиянақты орындалуына мемлекеттік қызметшілердің қосып отырған үлесі зор. Осы айтулы күні біз мемлекеттік қызмет саласында жемісті еңбек етіп жүрген бір топ жас мамандардың пікірін беруді жөн көрдік.



Ханымгүл ҚОЖАБЕКОВА,
Нұр-Сұлтан қаласы Сарыарқа ауданы әкімі аппаратының персоналды басқару қызметінің басшысы:

– Мен өз еңбек жолымды 2011 жылдың қыркүйегінде жастар тәжірибесі бойынша маман ретінде бастадым. 2012 жылдың ақпан айынан 2013 жылдың шілде айы аралығында есеп технигі болып жұмыс атқардым. 2013 жылдың 19 шілдесінде конкурстың нәтижесі бойынша Сарыарқа ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру-бақылау бөлімінің бас маманы әкімшілік мемлекеттік лауазымына қабылдандым. Мемлекеттік қызметте жан-жақты дамуыма және мансаптық өсуіме барлық жағдай жасалатындығына сеніммен келдім. 2017 жылдың 14 тамызында меритократия қағидасына сәйкес Сарыарқа ауданы әкімі аппаратының персоналды басқару қызметінің басшысы лауазымына тағайындалдым. Меритократия қағидаларын нығайту маған бірнеше жыл ішінде басшылық лауазымға өтуге мүмкіндік берді.

Бүгінгі таңда мемлекеттік қызмет жас мамандарға өсіп жетілуге және барлық бағытта дамуына үлкен мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе айтарым, өз қызметімді адал атқару, әріптестерімді қолдау, өзара түсіністік пен ортақ мүдделері бар топтың құрамында болу – мен үшін бақыт.



Айгерім Абдиева,
Нұр-Сұлтан қаласының Әділет департаментінің маманы:

– Мемлекеттік қызмет – ел тағдырының, оның өсіп-өркендеуіне, экономикалық, саяси, идеологиялық дамуына тікелей әсер етеді. Мемлекеттік қызметкердің сана-сезімі жоғары, парасатты, ойлау, пайымдау, саралау қасиеті терең, адамгершілігі мол, білімді, елдің, халықтың қамын жасасушы, олардың мүддесін өзінің мүддесінен жоғары қоюшы, әділетті азамат немесе азаматша болуы керек.

Бүгінгі қазақ елінің жастарының бойында осындай асыл қасиеттер бар, себебі олар жаһандану заманында дүние жүзі мемлекеттерінің даму процесін жақсы түсінеді, біздің мемлекетіміздің артықшылықтары мен кемшіліктерін сараптай біледі. Сондықтан мемлекеттік қызметке тек қана жастарды шақыру қажет. Қазіргі жастар ғылым мен техниканы меңгере отырып, рухани жаңару барысында әдебиет пен тарихтың, өнердің даму процесімен сусындаған. Жастардың бойында туған елге деген патриоттық сезім қалыптасқан.

Жастарымыз өз халқын сүйеді, ұлттық намысты жете түсінеді, көп ұлтты мемлекетімізде өмір сүріп жатқан өзге ұлттардың тарихын, салт-дәстүрін қастерлей біледі, аға ұрпақтың жүріп өткен өмір жолын сыйлай біледі.

Жастарды мемлекеттік қызметке шақыру барысында олардың алдына елдің даму процесін нығайту жолында айқын талап, міндет, жоспар қойылса, жастар абыроймен атқаруға талпынады және орындайды. Жастарға сенім арту да абыройлы іс деп білемін.



Нұрман ТАҒАТОВ,
Мемлекеттік кірістер комитеті Орталық кеден зертханасының ғылыми-әдістемелік жұмыс, ішкі аудит және метрология бөлімінің басшысы:

– Мен мемлекеттік қызметке 2018 жылдың 18 қаңтарынан бастап ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті Орталық кеден зертханасының Материалтанушылық сараптама бөліміне бас маман болып келіп, былтырғы 11 қарашадан бастап осы құрылымның ғылыми-әдістемелік жұмыс, ішкі аудит және метрология бөлімінің басшысы болып тағайындалдым.

Мемлекеттік қызметте жұмыс жасап жүргеніме қысқа уақыт өтсе де, мемлекеттік қызметтің қандай жауапты міндет екенін түсіндім. Негізінде мектеп табалдырығында оқып жүрген сәттен бастап мемлекеттік қызметкер атану менің басты арманымның бірі болатын. Сол арманымның орындалуына себепші болған барлық жұмыстағы әріптестеріме ризашылығымды және алғысымды білдіре отырып барлығын мерекелерімен шын жүректен құттықтағым келеді!

Мемлекеттік қызметті таңдауымның негізгі себептерінің бірі ол – еліміздің гүлденіп, шырайланып дамуына өзімнің тамшыдай болса үлесімді қосу. Сен жасаған жұмыстар арқылы белгілі бір топ немесе қоғам өкілдерінің өмірін жақсы тұсқа өзгергенін көру адамда сүйіспеншілік және мақтаныш сезімін тудырады, сондықтан да елге қызмет көрсету әрбір азаматтың отан алдындағы борышы дей отырып, жұртымыздың жастарын мемлекеттік қызметті таңдауға шақырамын!



ҚАУІПСІЗДІК ПЕН ТӘРТІП САҚШЫЛАРЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

ІШКІ ІСТЕР САЛАСЫНДАҒЫ ЦИФРЛАНДЫРУ

Ішкі істер министрлігі «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасына «Учаскелік полиция инспекторларының деректер базасы», «Тергеуші» автоматтандырылған ақпараттық жүйесін құру және еліміздегі шағын қалаларда жедел басқару орталықтарын іске қосу жайлы үш жоба ұсынған болатын. Бүгінде ішкі істер саласының көші-қон қызметінде, қылмыстық атқару жүйесінде және жол-патрульдік полиция жұмысында «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында ақпараттық жүйені дамыту жолға қойылған.

АШЫҚТЫҚ ПЕН АЙҚЫНДЫҚ ҮШІН

Бүгінгі таңда полиция жұмысының ашықтығы мен айқындығын арттыру бағытында азаматтарды қабылдау тәртібі өзгерді, енді орталық аппарат, облыстық департамент басшылары апта сайын азаматтарды қабылдайды. Айталық, Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаевтың өзі 2019 жылы 326 адамды, ал оның орынбасарлары 309 адамды қабылдаған болса, биыл бұл сандар тиісінше 111 және 87-ні көрсетіп отыр.

Қалалық және аудандық полиция бөлімшелерінде 251 қабылдау бөлмесі ашылды. «Құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы шеңберінде және полицияның халықпен өзара тиімді байланысын жақсарту үшін «Жолда қабылдау» шарасы жиі өткізіледі. Полиция органдары басшыларының және учаскелік инспекторлардың халықпен есептік кездесулері тұрғындармен тиімді

Нұр-Сұлтан қалалық Полиция департаменті азаматтарды шектеу шараларын сақтауға, қабылданған шараларға түсіністікпен қарауға, полиция қызметкерлерінің заңды талаптарын орындауға және инфекцияның алдын алуға көмектесуге шақырды. Құқық бұзушылар қолданыстағы заңнамаға сәйкес жауапқа тартылады. Бұл шаралардың барлығы азаматтардың қауіпсіздігі үшін жасалуда. Сонымен бірге ҰБТ кезінде де елордадағы қоғамдық тәртіпті 100 полиция қызметкері мен 10 арнайы көлік қамтамасыз етеді. Ол үшін 9 медицина қызметкері және үш жедел жәрдем жұмылдырылған. 24 қызметкер өрт қауіпсіздігін қадағалайды, 46 автобус қала шетінде тұратын 540 түлекті тасымалдайды

байланыс орнатуға ықпал етеді. ПМ баспасөз қызметінің мәліметіне қарағанда, осы кездесулер барысында биыл азаматтардан нақты елді мекендерде полиция жұмысын жақсартуға бағытталған 1000-ға жуық ұсыныс келіп түскен.

ПМ министрі Ерлан Тұрғымбаевтың мәлімдеуінше, шешім қабылдауды айтарлықтай жеделдету мақсатында азаматтар ПМ атына бейнебайланыс арқылы хабарласа алады, бұл жалпы азаматтардың елордаға жол шығыны мен онда барғандағы тұру шығындарын болдырмауға мүмкіндік береді. «Жыл басынан бері «Ішкі істер министрінің блогы» арқылы қылмыстық істерді тергеу, жол қозғалысы ережелерін бұзу фактілері туралы хабарламалар, заңнаманы түсіндіру мәселелері бойынша түскен екі мың өтінішке жедел түсініктеме берілді. Онлайн режимде өтініштер беру үшін азаматтар Facebook-тегі «азаматтар үшін қоғамдық қабылдау» парақшасын пайдалана алады» деп атап өткен болатын бұл туралы Е.Тұрғымбаев арнайы брифинг барысында.

ІНДЕТ КЕЗІНДЕ АЛДЫҒЫ ШЕПТЕН КӨРІНДІ

Бүкіл әлеммен бірге еліміз де пандемиямен күресуде. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша ішкі істер органдарының барлық күштері қоғамдық тәртіп пен тұрғындардың қауіпсіздігін сақтауға, карантиндік іс-шараларды қамтамасыз етуге бағытталып, 52000-нан астам полицейлер, құтқарушылар, әскери қызметшілер және ішкі істер органдарының медицина қызметкерлері блокбекеттерде үздіксіз қызмет атқарды, яғни карантиндік режим кезінде елде 400-ге жуық блокбекет жұмыс істеген болса, оған 6000-ға жуық ІІО қызметкерлері қатысты. Барлық кезеңде блокбекеттерде 3,2 млн-нан астам көлік құралдарымен 5 млн жолаушы тексерілді. Полиция сонымен бірге тіршілікті қамтамасыз ететін нысандарды, медициналық мекемелер мен карантиндік аймақтарды күзетті. Қоғамдық тәртіпті сақтауды күшейту үшін полиция мен Ұлттық ұлан жасақтарының саны артты. ПМ қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде қысқа мерзімде тәуекел аймағында орналасқан қызметкерлерге арналған маскалар мен комбинезондар өндірісі жолға қойылды. Өзін-өзі оқшаулау және шектеу тәртібі кезеңінде қабылданған шаралардың арқасында елдегі қылмыс 26 пайызға төмендеді.

СУРЕТ САЛҒАН КЕЗДЕ ӨЗІМДІ БАҚЫТТЫ СЕЗІНЕМ

Нұр-Сұлтан қаласы Сарыарқа аудандық жергілікті полиция бөлімінің ювеналдық полиция инспекторы Динара Баржақсина үшін ювеналдық полиция бөлімінде жұмыс істеу – оның өміріндегі ерекше кезең.

Динара органдарда 2018 жылдан бері жұмыс істейді, ол өз кәсібін негізгі міндеті балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау екенін түсініп, кәмілетке толмағандармен сенімді қарым-қатынас орнатты.

Мектеп бітіргеннен кейін ата-анасының нұсқауымен заңгерлік ті таңдаған Динараның суретке қабілеті бар, болашақта шығармашылықпен айналысуды армандайды. Ол мектепке бармай тұрып сурет салғанды ұнататын. Қайда барса да қолынан қарындашы мен сурет альбомы түспейтін. 2014 жылы Петропавлда теледидарда бейнекамерист болып жұмыс істеп, содан кейін портреттерді салуға көбірек ден қоя бастаған.

«Егер мен қолыма ұзақ уақыт қарындаш алмасам, сурет салуды кәдімгідей сағынатынымды байқаймын. Адамдарға қарап оларды қағазға қалай бейнелейтінімді және олардың бейнесіне не қосатынымды елестетемін. Әсіресе, қоғамдық көліктерде адамдардың бет пішіндеріне қарап олардың бәрін суреттегім келеді, ерекше, әдемі адамдардың келбеті мені шабыттандырады. Кейде мен адамдарға тым ұзақ қарап қалғанымды байқамай, ыңғайсыздық кешетінім бар. Әйтеуір, сурет салған кезде мен өзімді бақытты сезінемін. Мұндай сәттерде күш-қуатым тасып тұрғандай болады, жұмыстағы жүктеме, жалпы проблемалар туралы ойламаймын» дейді Динара ағынан жарылып.



Бетті дайындаған Жадыра ШАМҰРАТОВА



АТАДАН БАЛАҒА ЖАЛҒАСҚАН

Полиция династиясы, атасынан бермен қарай полиция мамандығын таңдау Нұр-Сұлтан қалалық Полиция департаменті үшін таңсық жағдай емес. Бүкіл өмірін органда қызмет етуге арнаған ішкі істер органдары ардагерлерінің балалары мен немерелері елордалық ПД әртүрлі бөлімшелерінде жұмыс істейді.

Ішкі істер органдарында екі, үш немесе одан да көп буын қызмет ететін отбасыларда патриоттық, ар-намыс, парыз деген ұғымдар жай сөз емес. Қызметке деген құрмет, парызға адалдық, мамандықтың беделін бала кезінен тәрбиелеу осындай әулеттерде болады. Мұнда атадан балаға жоғары адамгершілік құндылықтар, басқалар үшін өздерін құрбан ете алатын қасиеттер беріледі. Нұр-Сұлтан қалалық ПД Байқоңыр аудандық полиция басқармасының бастығы Дәурен Қазбековтің отбасында бұл мамандық құрметті, маңызды және қажет деп саналады. Қазбековтер отбасындағы полиция әулетін Дәуреннің атасының інісі Ертай Қазбеков

бастаған. Ол 1917 жылы Көкшетау қаласында дүниеге келген. Қылмыстық тергеу бөлімінде жұмыс істеп, өмірін қауіпті қылмыскерлерді іздеумен және қаланы түрлі қол сұғушылықтардан қорғаумен байланыстырды. Соңғы лауазымы – Көкшетау облысы Ішкі істер департаментінің жедел жұмыс жөніндегі орынбасары. Құқық қорғау саласында ұзақ еңбек еткен, оны тәжірибелі маман ретінде ғана емес, сонымен бірге өте дана тұлға ретінде де құрметтеген. Қазір Ертай Қазбековтің есімі Ақмола облысының мұражайында сақтаулы. Дәурен Қазбековтің әкесі Серік Қазбеков полиция қызметінің қатал мектебінен өтті. 39 жылдан астам уақыт

Көкшетау қаласында тергеуші болып жұмыс істеді, тергеу бөлімінің бастығы, Көкшетау облысының Мемлекеттік тергеу комитетінде Мемлекеттік тергеу комитеті бастығының орынбасары болды. 2002 жылы Астанаға ауысып, Тергеу комитеті төрағасының орынбасары қызметін жалғастыра берді. 2012 жылы Серік Қазбеков лайықты демалысқа шықты. Бірақ ол бар жүрегімен және жан-тәнімен жұмыс тәртібінде қалды, өйткені оның жолын ұлы жалғастырды. Дәурен Қазбековтің өзі полициядағы еңбек жолын 2004 жылы Көкшетау полиция қарсы күрес бөлімінің қызметкері ретінде бастаған. Әкесінің

нұсқауының алғашқы күндерінен бастап ол кез келген тапсырманы орындауға өте ыждағатты болды. Әкесі оған ештеңеге қарамай еңбек етуді үйретті. Полиция саласындағы көп жылдық еңбек көп ұзамай жемісін бере бастады. 2014 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Әкімшілік полиция басқармасы бастығының орынбасары болып тағайындалды, бір жылдан кейін осы басқарманы басқарды, Астрахан аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы, 2017 жылы елорданың Әкімшілік полиция басқармасы бастығы міндетін атқарды. 2019 жылдың қарашасынан бастап Дәурен Қазбеков Байқоңыр аудандық полиция басқармасын басқарып келеді.

📍 @NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

Ералы Оспанұлы – Мәделіқожа, Құлыншақ, Майлықожа, Молда Мұса, Нұралы, Ергөбек сынды сөз майталмандары еңбектерін жинақтап шығарған, «он мың адамның жұмысын жалғыз өзі атқарған» сұрапыл еңбекқор, әкесі Әсілхан сияқты. Зәуде сөйлеп бір кетсе, дүйім жұртты сілтідей тындыра өзіне қаратып, сөзіне ұйытатын анасы, Оразқұл тұрпатты. Құдай тағала мольнан жарылқап, кесек талантпен қоса, жан-жақты қылып жаратқан Ералы суретші қара қарындаштың өзегінен бал, акварель қағазынан шәрбат ағызды. Қадау-қадау топтамалар жасап, полиграфиялық мүмкіндіктер ойлап тауып, сериялап кітаптар бастырып, ою-өрнектер жинастырып, оны заманауи компьютер бағдарламаларға ендіре бейнелеп, жарыққа да шығарды. Мүсіндер де сомдады. Тарихи тұлғаларды да зерттеді.

Көрмелер жасады. Картиналарының алыс-жақын шет елдерде вернисаж ленталары да қиылды. Кітаптары кәдесый болып мұхит асты.

Иә, Ералы суретші – қара қарындаштың өзегінен ақ бал тамызған адам. Ол – ата-бабамыздан жеткен «тасқа басқандай» деген тіркеске, түркілерден қалған «қара даш» деген сөзге адал суретші. Орыстардың лексиконынан айналып келіп бізге жұққан, тілімізге түскен «карандаш» ұғымы сонау түркілерден барған «қара» – қара, «даш» – тас сөзі. Яғни бояуға, сызуға жарайтын, тас тектес қара графит.

Ералы Оспанұлының бейнелеу әлеміне қара ілестіріп, қағазға түскен сонау студенттік балаң сызбаларынан бастап, тап бүгінгі қуатты штрихтарының барлығы дерлік кәдімгі қара қарындаш өзегінен шықты.

Ол әуелі басында пісіп, кеудесінен лықсы шыққан композиция-суретке ақ қағазды аямай, аса жұмсақ қарындашпен құшырлана шимайлап, жырта өшіріп, бастыра сызбалап, әбден иін қандыра, эскиз нобайлап алады да, онысын аса сапалы қағазға тазалай түсіреді. Әрбір қарпін күйдіріп басатын лазерлі принтердей емес, әр суреттің жарты миллиметріне дейін қағаз бойлай ықтияттап құя, мөлшерлей төге жағатын құймалы (струйный) принтер-плоттердей жоғарыдан төмен немесе сол жақ жоғары бөліктен, оң жақ төменгі бөлікке дейін жұдырығын жылжыта, 0,5 мм-лік, өткір, «НВ» мөлшерлі, «Koh-i-noor» маркалы механикалық қарындашты қымтай ұстап, саусақ ұштарын қимылдата, қолын қағаздан бір көтерместен (еш жеріне резеңке-өшіргіш тигізбестен), толайым бітіріп бір-ақ шығады. Гажап, ә? Міне, Тәңір сыйлаған мүмкіндік! Өне, тәжірибе сыйлаған шеберлік!

Ералы суретші композициясының басты ерекшелігінің бірі – суреттерін дөңгелек (домалақ) пішінмен шешетінінде. Мысалы, «Бүркітші» картинасында, суреттің маңдайындағы аңшы қамшысы созылып барып қыранның құйрығына

КЕМЕЛ

» «Менің суретшілерім» сериясымен басталған эсселер жинағы алыс-жақындағы бейнелеу өнері иелерінің басын құрай, көпшілікке суретшілер шығармашылығын насихаттай беріп, сонау Рембрандтқа барып, мынау Қайрамбаевқа келіп жүрсек те, тап жанымыздағы әріптесіміз, суретші Ералы Оспанұлы туралы айтуға келгенде іркіле беріліпті, шығармасын талдауға «тұсала» беріліпті. Оған себеп – Ерекеңнің суретшілігінің кемел, тілдік қорының ерек екендігінен болса керек. Бара салып, көре қалып, отыра кетіп жаза салатындай оңай-оспақ емес, күрделі, сан қырлылығынан шығар? Оның үстіне, «айтқаннан кейін жетесіне жеткізе айтсақ, жазғаннан соң оның салмағын бір мысқал кемітпей берсек» дейтін жауапкершілік жүгінің аса ауырлығы және бар.



тысе, бүркіт шеңбер бойлай, созыла беріп, бөріге тырнақ салады. Аңшының мінген аты шалқалай құлаған, ажал сәті келген көкжалды тебе, екі алдыңғы аяғын (айнала шеңбер композицияны жалғастыра) бүге қалады. Аттың бүгілген аяқтары тұсынан ер-тоқымның өмілдірігі жалғасып, сағат тіліндей жылжыған динамика-қозғалыс жануардың жалымен жалғасады. Жылқының жалы тағы да шеңбер бойымен өріле, жалғаса барып тізгінге жымдасады. Әлгі тізгін оңға қарай бұрылған оның мойыны-басына, сағалдырық жүгенмен байланыса-

ды. Кекілі аңшының созылған оң қолына, кезегінде оң қол қамшысына барып жалғасады. Міне, айнала тұйық композиция! Тап-тұйнақтай. Жұп-жұмыр.

Әншейіндегі қарындаш сызу құралы емес, жансызды түртіп қалса-ақ тіріле беретін сиқырлы таяқшаға айналады.

Дөңгелек әдіс «Алдар көсе» болып, «Ғашықтар», «Қыз қуу» болып жалғасып, ұзара, саны көбейе, қарасы молая, тұтасып кете барады. Бұл ұтқыр домалақ пішіннің ішінен ұшып қырғилар, қалқып қарлығаштар өтеді. Бұғып байғыз да отырады. Жорғалап жылан

кіреді, тасбақа да жатады, әрі-бері домалап. Мүжілген бас, қу жауырын да осында. Дауылпаз-домбыра да кездесер. Нар қобыз шалына ма? Келі, келсап та табылып, күбіден қымыз пісіле ме?

Стилистикалық қолтаңбаға бағындырылған адамдар келбеті, түр-тұлғасы, оған деген анатомиялық үлде еш бұзылмайды. Әдіске қарай бірде созып, бірде жиырылса да, бірде үлкейіп, сәтте кішірейсе де әлгі қимылдың растығына шүбәсіз сенесіз.

Автордың кемел ақылынан

хабар беріп, суреттерінің өн

бойында сәтті юмор, ащы

сарказм да жүреді.

Естіп-білгені мен

оқыған-тоқылған мол, диа-

пазоны кең Ералы суретші

лашындайын сорғалай-құ-

йылып мифологияны іледі.

Құлаштай жүзіп, фольклор

жағалауына жетеді. Шығандап

Әл-Ақсаға кетеді. Өзіміздің

бал-балдан тартып, қияндағы

Сфинкс, перғауындарға бара-

ды. Бейбарыс сұлтан образын

қаузады. Түбі түркі мәмлүк

кейіпкерлері шірене жақ тар-

тып тұрғаны, емінте найза

сұғып жүргені, һәм шылпыра

жеңіліп те жатқаны. Картина-

ларында «Бақ тайып» жатқан-

ны, «Күн тұтылып» қалғаны,

құлдық қамыты киіліп, қан

кешіп, жанталас уысына түсіп

кеткені де көрінеді.

Сыбызғы шалып, жан еліт-

кен бейқұт заман да, бесік

тербеген, әлди жыры да ажар

көрсетеді.

Жапон халқы тап қазір өз-

дерінің экономикалық үрдісі-

не қайшы болса да, әлі күнге

дейін күрші шаруашылығын

жүргізетін көрінеді. Себебі

күрші егудің өн бойында жа-

паның ұмытылып, архаика-

ға айналып бара жатқан өте

көп, көне, жәдігер сөздері бар

екен. Ералы Оспанұлы гра-


фикасы да сондай. Қазақтың

естен шығып, көзден жырақ,

көмейден тысқары қалған

есіл сөздеріне тұнып тұр. Ол

– «Тоғым» тұрпатты, «Кісе»,



«Ысқыш», «Жаушы», «Қыл-шан», «Гүрзі», «Қазық бау шалу», «Күрмеу» секілді сөздердің суретін салады. Оны білген жанға іштей күбірлете, қайталайды.

Ералы суретшінің білмейтіні жоқ. «Қоқаман» дейді, «Обыр», «Жылбысқы», «Шимұрын», «Әбілет», «Шойлан» дейді. Сөйтеді де сол айтқандарын сурет қылып салады. Әлгі құбыжықтардан жаныңыз түршігеді.

«Атасының баласын» көріп шаттанасыз, айбыныңыз асады, «Күн кешуін» көріп жасисыз, «Қайран-айы» мен «Жаушысынан» қамығасыз. «Кәріқыздан» қабағыңызға кірбің түскендей ме, «Арман-ай»-дан опынғандайсыз ба? «Еңіреген ер», «Есіл ер», «Асыл ер»-ден де солай...

Зергерлердің күміспен жұмыс істегенінде «қаралау» дейтін әдісі болады. Күмісті тотыққандай етіп, әдейі қарайтып, жасаған бұйымына байырғы түр беріп, әдейі «қартайтатын». Ералы сурет-

шінің де графикасы сол, то-тықтырылған күміс секілді. Қара қарындашпен қағазға мыңдаған бейне салып отырып, нәтижесіне сол, қазаққа етене, жұмсақ металдың нәтін, табиғатын сіңіре дарытады. Шығыңқы бедерлі, ойлы-қырлы рельефті, бір тұтас, қымбат та құнды. Шекіме жасап тұсына ілгің келеді. Күмістен рельеф етіп құйғың келеді. Тасқа басып, офорт қылғың да келеді.

Оның суреті жазықтық бетін, қағаз жүзін толық пайдаланады. Оймақтай да бос орын қалдырмай, түгел жабады. Шаршы, айқыш, дөңгелек пішінді композициясының өнбойын толтырып тастайды. Әншейін штрихтармен емес, құрған желісіне орай, кейіпкерлердің қозғалыс-қимылына қарай, қару-жарақ, аң-құстарға бейімдей, кемерлей бекітеді. Өрмелеген жылан да сонда, өрнектелген киім де сонда, көшпелілердің оқалы бұйымдарына да тұнып тұрады.





Ералы суретшінің картиналары қазақтың киім энциклопедиясы сынды. Тақия да бар, сәукеле, кимешек, орамал, жаулық, шәлі де молынан кездеседі. Тымақ, бөрік, мұрақ дейтін қазақпен қоса жасасқан бас киім, басқа да киім-кешектер өз өрнегімен, өз орнымен, өз жүйесімен кейіпкерлерін байыта, кемелдендіреді.

Кейіпкерлері бірде арындай жүлқынады. Бірде тына қалады. Суреттеріне ылғи бір қарама-қарсылық арқылы жан бітіреді. Кейде бұрала-ширатыла жасалса, кейде құйылып барып, кенет қатып қалғандай болады. Қарға мен аққудай кереғар. Контраст. Қырғауылын қаршыға жұлмалап жатады, аттарын бөрі еңсеріп, ішек-қарнын жаралды. Қылдай нәзік қыз-келіншекті саусақтары добалдай, желкелері жотадай, жайын ауыз, жалмауыз жауыздар байлап-матап әкетіп барады.

Композициясының тығыз екені сонша, арасына ине батпайды. «Шапқыншылық», «Барымта», «Теке-тірес» картиналары осы сөзімізді қуғатай, еселей, үстей түседі.

Қаракөл қозы ұстаған әйел де, қолына томағалы сұңқар қондырған жігіт те, дырау сығымдаған бала да, алдына немере отырғызған қария да суретпен жарасып, өрнегі әнебір әженің өрмегімен шебер жымдасып, суретшінің қолына арбала бағынып, түрлене тіріліп, көруші алдына айдары желбірей тартылады.

«Оның әр суреті өз алдына жеке әңгіме іспетті». Халқымыздың ауыз әдебиеті мен терең пәлсапаның емірлене жүтқан Ералы болмысы мыңдаған суретті түйдек-түйдегімен салып, көруші назарына тең-тең деп ұсынады. Дәстүр салтына жеке-жеке тоқталып, сурет-иллюстрация етіп жасап, альбом кітап беттерін сықап және тастайды. Оның творчествосы қазақтың ән-күй, айтыс-терме, ертегі-аңыз, батырлар-ғашықтар жырына тамырын тарбайта жайып, нәр сорып жатыр.

Суретші халықтың аузынан түспей келе жатқан ерлердің образын да жасайды. Батырларын да келбеттейді. Мифтік кейіпкерлерін де сомдайды.

Меніңше, Ералы Оспанұлы шығармасының ең бір айтулы, қапысыз салынған, көрген суретшіні тәнті етпей қоймайтын топтамасы «Қазақ батырлары» шығар? «Бақ тайды», «Тағдыр оғы», «Батырлар» деп келетін аса күрделі, ішкі динамикаға толы картиналары – композициялық өрілуі, жасалуымен, таптіштей салынумен, саңылау екеш саңылаудың өзі дәлдеп түскенімен аса құнды шығармалар. Ұсынып найза шаншыған, құлашпап қылыш сілтеткен, көтеріп бөрілі бай-

рақ ұстаған, жебесі морт сынып, алдаспаны кетілген қым-қуыт аласапыран суреттер автордың кемел екенін және паш етеді. Қолы қарулы ма? Қарулы. Көзі қырағы ма? Қырағы. Білімі Мәриан шұңғымадай терең бе? Әлбетте!

Осы топтамасын қарап отырсаңыз – әлдебір қыран байрақтың сабын шеңгелдеп тұрғаны, жапалақ жылан қылғытып ұшқаны, бөрі найза сабын шайнап жатқаны. Ал түсініңіз? Ал байыбынына жетіңіз?

Жан торсық төңкерілгені қандай, тасбақаның домалағаны қалай? Қарғаны ителгі тебе ме, аттары кісінеп, көкке үні жете ме? Жақтың адырнасы үзіліп, қорқауды ілбісін жара ма? Жаралының ыңыранғаны құлаққа келе ме, шашылған қауырсынды жел көтере ме? Шатынап айна сына ма, үзіліп жауқазын, төңкеріліп қазан қала ма? ...Картиналары бір сызығын келесі сызығы әдемі жалғап, бір дақты бір ақ сәтіммен жауып, бір штрих шашақ болып басталып, бір сызба аттың жалы болып жалғасып, жеңіс рахаты мен жеңіліс күйініші қос-қосымен өріліп, қосақтаса, қан тамыры адырай, көз алдыңызда дірілдей тұрып алады.

Өнер иесінің шығармасы мен адамгершілік келбеті, кісілік болмысы көбінше теңгерілмей, бірін екіншісі басып кетіп жатады. Бұл ретте Ералы суретшінің таразысы тең. Безбені қалыпты.

Әлеуметтік теңсіздіктерге қасқая қарсы тұрып, қызыл кеңірдек болып оның әділ бағасын да беріп, орыс тілділердің өзін сөзден ұтып, қазағаны уәжіне жығатын да, адами қалыбы менмұндадалай көрініп, туған-туысын алға сүйреп, «локомотив» болып жүрген де осы, Ералы Оспанұлы.

Ол көркемдеп сурет те салды, келістіріп жазу да жазды. Ұртында қуақы қалжың жүгіртіп, қалың шешеннің арасына қаймықпай кіріп, әлгілермен қағыса-соғыса, һәм боқтаса футбол ойнап, өкпесі өше доп қуып та жүрген – бір өзі.

Ерағамыздың «моңғолдар шапқыншылығы» сияқты, «сал-серілер» тұрпатты пайымымен келісе де бермейміз (өзіміз «Сәйгүлік семантикасын» молынан салғандығымыздан, суретші Ералының аттары сыбықсыздау, тапалдау, мәстек болып көрінетіні және рас). Көзі тым қысық, бет сүйегі тым шығыңқы, мұрағы милығына түскен кейіпкерлерінің қайталанып қалатынымен де ымыраласа қоймаймыз. Десек те, ұшан-теңіз еңбегі еш болмаған, қисапсыз жасағаны қаймана жақсысына жеткен суретшіге, оның биік рухына ризашылығымыз шексіз.

Осы күндері ажарлы кейіпті пәс болып, қағаберісте қалған графика жанрының кемерін мейлінше кеңітіп, оның еңіс-теген ғазиз басын өр еткен еңбеккер суретшіге айтатынымыз тек алғыс!

Жеңіс КӨКЕНҰЛЫ,
суретші

АБАЙТАНУ МҰРАЖАЙЫ – МҰРАҒАТ ОШАҒЫ

» Адам өмірі еңбегімен өлшенеді десек, мұражайдың негізін жылдар бойы жинақталып сақталған жәдігерлер қалайды. Дана данышпандарын, қоғам қайраткерлерін мәңгі есте сақтау үшін олардан қалған ұлағат – мұраны көздің қарашығындай сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін қасиетті орын мұражай.

Ұлы ақынның 175 жылдық мерейтойы қарсаңында елордада тұңғыш ашылған Абай атындағы №87 мектеп-гимназиясы алғашқы күннен бастап Абай шығармашылығын кеңінен насихаттау мақсатындағы елеулі жұмысын бастады. М.Әуезовтің алдын көрген абайтанушы ғалым Мекемтас Мырзахметовпен кеңес құрып, мектеп бағдарламасына абайтану курсы бастаушы сыныптардан бастап үш сатыға бөліп, толық оқытуды қолға алды. Осы мақсатта мектеп жанынан Абайдың өсу жолынан бастап, «Толық адам» іліміне дейінгі кезеңді қамтитын «Абайтану» ғылыми-танымдық орталығының экспозициялық нұсқасын қалыптастырды. «Абайтану» ғылыми-танымдық орталығы Ұлы ақынның балалық шағынан бастап, даналыққа дейінгі өсу жолын қамти отырып, абайтану ғылымын да үш кезеңге бөліп қарастырады. Аталған орталыққа қажет тарихи-әдеби фотоматериалдар мен Абай шығармашылығының үш кезеңін қамтитын жәдігерлер жинақталды. Абай шығармашылығына байланысты 14 тарихи деректі фильмдер, 2000-ға таяу тарихи фото-құжаттар, ғалымдардың мерзімдік ғылыми-талдау мақалалары мен зерттеу еңбектері, 30-ға жуық музыкалық мұралары, әлем тілдеріне аударылған еңбектері жиналды.

Абайтану ғылыми-танымдық орталығы «Бала Абай», «Ақын Абай», «Хакім Абай» тақырыптары бойынша абайтану ілімін сатылай зерттейді.

Абайтану ілімін мектеп бағдарламасына жүйелі түрде енгізу, тәуелсіз еліміздің Абай тереңіне үңіле отырып, ұрпақ тәрбиесін тереңдетуіне мән береді.

Мектеп бағдарламасына сәйкес құрылған абайтану бағдарламасы ақынның өсу жолы мен шығармаларын әр тақырыпқа бөліп, жүйелеп оқытуды талап етеді. Бағдарлама абайтану ғылымының үш кезеңін қамтиды:

- «Бала Абай» – 1-4-сыныптарға;
- «Ақын Абай» – 5-8-сыныптарға;
- «Хакім Абай» – 9-11-сыныптарға арналған.

Абайтану бағдарламасы Ұлы ақынның балалық шағынан бастап, даналыққа дейінгі өсу жолын қамти отырып, абайтану ғылымын да үш кезеңге бөліп қарастырады:

- Абай дәуіріндегі абайтану;
- Кеңес өкіметі дәуіріндегі абайтану;
- Бүгінгі абайтану ғылымы.

Кезең-кезеңге бөліп оқыту бағдарламасының ерекшелігі – республика бойынша мектеп бағдарламасына сәйкес оқытылатын абайтану бағдарламасында бұрын-соңды назардан тыс қалып келе жатқан Абайдың сатылай өсу жолдарын негізге ала отырып, балалардың жас ерекшелігіне қарай оқытылады. Абайдың өмір жолы мен шығармашылық кезеңдерін тақырыпқа бөліп, шығармаларын топтастыру арқылы тақырыпқа сәйкес оқытушының шектеусіз шығармашылық ізденісіне жол ашылады.

Әр адамның іздегенін табатын, оны өміріне тірек ете алатын, бағыт-бағдарын айқындай алатын қуат күші Абай шығармаларының тұрақты әдістемелік нұсқасын қалыптастыру мақсатында Абайды тану, оның шығармаларын меңгеру арқылы өмірде өз қажетіне сай оқып-үйрену, жан-жақты талдап, жас ұрпақты адамгершілікке баулу болып табылады. Абайдың өмірі мен шығармашылығын, әдеби мұраларының мәні мен маңызын тану, мектеп бағдарламасына сай абайтану оқулығын қалыптастыру – мектептің басты мақсаты. Абайтану ілімін әлемдік деңгей-



дегі ойшылдардың қатарына жеткізу біз тәрбиелеп отырған жас ұрпақтың еншісінде болмақ. Осыған орай, мектеп ішінде ашылған «Абайтану» ғылыми-танымдық орталығы бағдарламаға сәйкес үш бөлімді қамтиды.

«Бала Абай» бөлімінде бала Абайдың ата-тегі, дүниеге келуі, есімінің азан шақырылып қойылуы, әкесі Құнанбай тұлғасы, әжесі Зеренің мейірімі мен немере тәрбиесіндегі орны, анасы Ұлжанның сөзге шешендігі, бала тәрбиесіндегі ықпалы жайлы тақырыптары қамтылады. Семейдегі Ахмет-Риза медресесінде оқуы, «Абай жолы» роман-эпопеясындағы бала Абайдың образы талданады.

«Ақын Абай» бөлімінде жасөспірім Абайдың әкесі Құнанбайдың ықпалымен Семейге оралуы, Абай мен әкесі Құнанбайдың байланысы, Қарқаралы тарихы, Қарқаралыдағы Абай түскен үй, Абайдың заңгерлігі, саяси жер аударылып келген орыс достармен байланысы, көзі ашық оқымыстылармен пікірлес болуы жіктеле қамтылады.

«Хакім Абай» бөлімінде абайтанудың негізін ақынның көзін көрген Кәкітай мен Тұрағұлдан бастап, Мұхтар Әуезовтің өзі қалап берді. Бұл ғылымның алғашқы кезеңінде Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев және басқа Алаш қайраткерлері де ерекше үлес қосты. Абайтанудың үш кезеңін қамтитын «Абай заманындағы абайтану», «Кеңес дәуіріндегі абайтану», «Бүгінгі абайтану» салалары бойынша тақырыптарға бөліп зерттеу бойынша экспозицияға қойылған жәдігерлердің құндылығы арта түседі. Тағылымды да тәрбиелік сипаты терең экспозициялық залдың негізі әрі қарай «Толық адам» дәрістерімен жалғасады.

М.Әуезов – Абай шығармаларын жинаушы әрі текстологы ретінде жазушының еңбектері мен шәкірті Қайым Мұхамедхановтың еңбектері көрсетілген.

Абайтану орталығы ұрпақ тәрбиесінде рухани міндетімізге айналған «Толық адам» ілімі бойынша абайтану тарихында бұл алға қойылған міндетті мектептегі оқыту жүйесіне толық енгізуге бағыт береді.

Абайтану саласында бүгінгі таңда атқарылып отырған жұмыстар аз емес.

Ел ішіндегі төтенше жағдайға байланысты кезеңдерде де Абай атындағы мектеп өз жұмысын тоқтатқан емес. Мектеп ұстаздары мен оқушыларды қатыстыра отырып, жоспар бойынша халықаралық, республикалық онлайн конференциялар өткізіп, оларға арнайы абайтанушы ғалымдар қатыстырылды. Ұлттық академиялық кітапханамен бірлесе отырып, «Абайдың рухани мұрасы» атты халықаралық конференция өтті. Оған Түркия, Қытай, Ресей, Венгрия, т. б. елдердің абайтанушы ғалымдары қатысты. Елорда кітапханалары мен республикалық «Білім айнасы» журналының қатысуымен «Абайтану» мектеп бағдарламасында оқыту» тақырыбында бағдарламаның авторы ретінде баяндама жасады. Әлеуметтік желінің көмегімен Алматы облысы Жетісу өлкетану мұражайымен кездесу өткізіп, Абай туралы сирек мәліметтер жөнінде пікір алмастық. Мектеп басшылығының ұйымдастыруымен ұлылар еліндегі Абай мұражайымен «Абай музейіне саяхат» онлайн экскурсиялық саяхат ұйымдастырып, қала мектептерінің ұстаздары мен жалпы көрермендерді қатыстырдық. Шымкент қалалық Білім басқармасымен бірге «Абайдың балалық шағы», Түркістан облыстық Мәдениет басқармасының ұйымдастыруымен «Абай және қазақ мәдениеті» атты онлайн кездесулер өтті. Семейдің Абай атындағы кітапханасы, Шығыс Қазақстан облысы Ұржар ауданы Білім басқармасы Абай шығармашылығы туралы кездесу өткізіп, мағлұматтар алынды.

Алдағы уақытта Қазақстан бойынша өтініштер қабылдап, Абай шығармашылығына байланысты тақырыптық онлайн кездесулер мен «Ұлылар еліне саяхат» бағдарламасына сәйкес Семей жеріне сапарға шығуды жоспарлап отырмыз.

Олай болса Абай – ұлылықтың сөнбейтін шамшырағы, Абай – бүгін мен болашақтың алтын діңгегі екенін мақтан тұтамыз!

Алмахан МҰХАМЕТҚАЛИҚЫЗЫ,
Абай Құнанбайұлы атындағы
№ 87 мектеп-гимназиясы
«Абайтану» ғылыми-танымдық
орталығының жетекшісі



ТЕҢІЗ ТАРЛАНЫ

» Бала кезімізде қағаздан, ағаштан қайық жасап жылғаларға жіберген кездеріміз, оның суға батпай, ағыспен жылжығанын көргенде мез-мейрам болып шаттанғанымыз есімізде шығар. Біреудің қайығы ұзап немесе біреудің қайығы қалыс қалып, ал енді біреуіміздікі тіпті қайраңдап қалатын. Ал біздің кейіпкеріміздің кемесі алысқа ұзағаны соншалық, жылғалармен жүзіп, Арал теңізіне, одан арман-қиялдардың ағысымен шетелге бет алғанға ұқсайды. Яғни арман мен қиял да кеме тәрізді адамды күнделікті сапырылысқан тіршілік тауқыметі мен уайымына тұншықтырмай, әлсін-әлсін алып шығып, алға жылжытып отыратын тәрізді. Сөйтіп, бүгін ой тебіреніп отырған ағамыз сол бала кезгі арманы ма екен, әлде сол балалық шақтағы қиялы жетеледі ме, жолдамамен Одесса қаласындағы теңіз флоты инженерлері институтына оқуға түсіп, кемеге қызығушылығын өрістетіп, маман болып елге оралды. Еңбек жолын бастап, оқуына жолдама берген КСРО Теңіз флоты министрлігінің Арал кеме жөндеу зауытында әртүрлі қызметтерде жұмыс атқарған.

Адамның зейіні бір жұмбақ әлем тәрізді тылсым, мәселен: біреу алғыр, ұғымпаз келеді, ал біреу түсініп болмай, кешеуілдеп қалады. Алғаш осы зауытқа, Одессаға оқуға бармай тұрып жұмысқа орналасқан кезінде кеменің ағаш ұстасы болып бастаған ағамыз еңбек жолы бір өзі он төрт мамандықтың иесі болған, ол да кеменің ағаш ұстасы болып бастаған, мемлекетіне Еуропаның терезесін ашқан, орыстың атақты Петр бірінші патшасын еріксіз еске салады. Иә, Арал теңізі ол кезде жағалай балық шаруашылығы дамыған аймақ болатын. Сонау ата-бабасынан сол өңірді мекендеген балықшы ағайын, бауыр басқан атамекен. Ағамыз Әбдіғали Анарұлы – өмір бойы оқып-түйгені мол, бірнеше мамандықтарды игерген адам. «Өй, осы бір қатырма қағазым болса құдай өлтірмес» деп жүре бермей, ізденіп басқа оқу, басқа мамандық, замана көшіне ілесіп, өзгелерге де үлгі болып, қадамын қарқындытып, басына түскен қиыншылықтарды өзгеге артпай, өзі көтерген нар тұлға жан. «Жан» дейтінім, ағамыздың бойын бір қарапайымдылық жайлап алған тәрізді, оның жасындағы бәз біреу қолы босай қалса, «Ал кімің бар мендей, менің жүрген жолым, менің есіл еңбегім ескерілер емес» деп, артынып-тартынып әкім алдына баруды ойласа, ал біздің ағамыз қолына қалам алып, қозы баққан баладай, өлеңдерін өрбітіп, поэзияның қия шырларындағы жыр жайлауына бет бұрған, болмысы ерекше жан. Қазақ даласында ерсілік-қарсылы кеме жүзіп жататын өзен-көлдеріміз саны мардымсыз болғасын ба, «кеме жасаушы» деген сирек мамандық екенін түсініп, тиісті ұйғарым жасауға болар.

Еліміз егемендік алған тұста, Каспий теңізінде мұнай кеніштерін салып-игеру барысында өзекті тақырып «теңіз бен мұнай» мәселесі маңызды орынға ие болды. Қайда да майданның алдыңғы шебінде жүретін ағамыз еліміздің байлығын арттырып, абыройын асқақтататын мұнайшы мамандығын игеріп, теңіз жағдайында мұнай өндіру кәсібін өзінің зеректілігімен, әр істің иірілімдігін, негізін тереңнен көтеруге қызығушылығы басым, мінезінің табандылығы арқасында сұраныстағы сауатты маман ретінде сайланып, жаңа саланың жұмыс барысына араласа кетті.

Міне, осы бір әрекетінен ағамыздың қандай іске болсын жеңіл-желпі қарамайтындығын көреміз. Мұнай өндіру еліміздің экономикасына іргелі тұғыр болатындығын сезініп, пайымды болжам жасап, сол іске өзінің

теңіз кәсібін терең меңгерген тәжірибесін толымды пайдаланып, еліне қызмет етуді парызы санап, сыбана кіріскен азамат. Жаңа заман төрлеген сайын жаңа мамандардың қажеттілігі туындап тұратындығын бүгінгі көпшілік жастардан бұрын түсінген «көрінген істі көндіріп, өнімін өндіріп» жүре беретін шебер десек сабырлы тұлғасына сайма-сай деп айтар едім. Ол – ағаш ұстасы, кемеші, мұнайшы, құжат айналымын атқарушы, көркем әдеби аудармашы, ғылыми-техникалық аудармашы, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде өз ойын жеткізе алатын маман, жалпы алғанда, жұмысты талғамайтын, тапсырыс берушіні алдамайтын адал кісі. Ал қолы босаған уақытында көңілін тербеген көріністерді, сағыныштарды, сезімдерді өзіне тән иірімді өлең жолдарымен көркемдеп, жыр жолдарын төгіп салатын қанына сіңген қасиеті бар. Баспадан «Шағала-сезім» (2001), «Сағыныш сазы» (2006) мен «Толқында туған толғаулар» (2015) поэзиялық кітаптарын шықты. Ол бір жағынан ақын болмауына қақысы жоқ, «Сыр елі – жыр елі» демекші, ал оның кеме жасаушы болуына да осы арманшыл жүрегі жетеледі деп ойға тоқталамын. «Арманы биік – қолы жетпестей, сапары ұзақ – жолы жетпестей» деп әнде айтылатын сөздердің мәнінде, тек арманы, мақсаты жоғары адам ғана жасампаздыққа ұмтылатындығын меңзеген.

Қазір айтсақ кейбіреулер сенбейді, кезінде КСРО Теңіз флоты министрлігі қарамағындағы Арал кеме жөндеу зауытында тұрақты түрде, жылына, Одақтың әр жеріне жіберілетін, сыйымдылығы 100 тонналық және 200 тонналық Т-77 және 183 жобалы мұнай және құрғақ жүк тасу кемелері (баржалар), Эмударияда пайдаланылуға арналған 1606 жобалы 5 кеме тартушылар (буксирлер), 424 жобалы кемежайларда өрт сөндіру кемесі, неміс технологиясымен жабдықталған сол кездегі заманауи цехта (ролл-трейлер жасау цехы) жасалатын, 20, 40 және 60 футты жүк көтерімділігі теңіз контейнерлерін кемежайлар ішінде жүк таситын және «ро-ро» типті кемелерді жабдықтауының 500 дана ролл-трейлерлер, әртүрлі зәкір шынжырлары жасалған.

Түрлі-түрлі жауапты қызметтерде жүріп, көптеген ел үшін маңызды жобалардың орындалуына шақырылып, кемелерді жасауға бақылаушы және пайдалануға (аудитор, техникалық эксперт) ретінде бастан-аяқ қасында болып, атқарысып, әрбір өзекті мәсе-



Еліміз егемендік алған тұста, Каспий теңізінде мұнай кеніштерін салып-игеру барысында өзекті тақырып «теңіз бен мұнай» мәселесі маңызды орынға ие болды. Қайда да майданның алдыңғы шебінде жүретін ағамыз еліміздің байлығын арттырып, абыройын асқақтататын мұнайшы мамандығын игеріп, теңіз жағдайында мұнай өндіру кәсібін өзінің зеректілігімен, әр істің иірілімдігін, негізін тереңнен көтеруге қызығушылығы басым, мінезінің табандылығы арқасында сұраныстағы сауатты маман ретінде сайланып, жаңа саланың жұмыс барысына араласа кетті

лелердің одан әрі қарқын алуына ұйытқы болған кездерін санаулы ғана мамандар, өзінің әріптес достары ғана біледі. Осы ретте «Жақсылық жасап теңізге лақтыр, балық білмесе, халық біледі» немесе Арал теңізі жағасында өмір сүрген қарақалпақ ақыны Бердақтың «Қадірімді халық білер, халық білмесе балық біледі» деген жыр жолдары еске түседі. Кім білгенде де кейіпкеріміздің бар күш-жігері ел үшін игілікті істерге жұмсалғанын, жұмсала беретіндігін дәлелдеудің қажеттілігі жоқ.

Ағамыздың отбасына келсек, әрине, қарапайым адамдар, бірақ іске келгенде «сен тұр, мен атайын» деген жігерлі жұп десе болады. Екеуі де Одессада инженерлік білім алған, бірі –

суда жүзетін кеме құрылысының инженері, ал жары – су қуатын реттейтін гидротехникалық инженер. Студенттік балғын жастық шағы бірге өткен қала туралы әңгімені бастау тыңдаушы үшін тебіреніске толы әлем есігін ашқанмен бірдей. Сол атағы шыққан қала тынысының, менталитетінің әсері ме, әйтеуір қалжың әңгімелер айта қалса ағамыз «сіңірі шығып кеткен ауызекі әңгімелердің» өзін өрімін келтіріп ішек-сілемізді қатырады. Наташа апайымыздың студенттік шақтан бірлесіп, жарасып кеткен көңілі кейде ағайынды ағалы-қарындас адамдарды елестетеді.

Ағаш ұстасы болған ағамыз – құжат сынды қағаз ұстасы, әр құжатты дайындауы, оның мұқияттылығы әріптесіне сенім ұялатады. Әбекең кеме жасаушы ретінде кеменің суға батып кетпеуін көздесе, құжат жасаушы ретінде құжаттың жарты жолда келісілу барысынан мүдірмей өтуін көздейді, мемлекеттік маңызы бар құжаттардың әрі қарай жылжи беруін шебер жүзеге асырады. Бұл жалғыз ағамыздың емес, Наташа апайымыздың да серіктесіп, бір-бірін толықтырып отыратындығының көрсеткіші. «Жар» деген сөздің өзі «ердің тірегі» деген мағынаны меңзейді. Бүгінде ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, немере сүйіп отырған адал жандардың абыройы – амандығы, жанұясының игілігі, берекесі. Құрылысына тікелей және бақылаушы ретінде жанама қатысып, іске асырып суға қондырған аққудай кемелері қазірде теңіз айдынын шарлап, еліміздің судағы шекарасын бақылап, барлап, өздерінің кімнің ойымен, кімнің қолымен жаратылғанын ойлай ма екен...

Әбдіғали Анарұлы Қоянбаев 1954 жылы Қызылорда облысы Арал қаласында туған. Мамандықтары – кеме жасау инженері, мұнай инженері. Одесса теңіз флоты инженерлері институтын, кейіннен Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық мемлекеттік политехникалық университетін тәмамдаған. Оның су көлігі мен мұнай салаларына байланысты жұмыс өтілі 40 жылдан асады. Еңбек жолын 1970 жылы бұрынғы КСРО Теңіз флоты министрлігінің Арал кеме жөндеу зауытында бастап, су көлігі саласында әртүрлі инженерлік-техникалық қызметтер атқарған. 1988 жылдан Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінде бас маманнан басқарма басшысы және Теңіз және Өзен Регистрі мемлекеттік мекемесінің директоры қызметтерін атқарып, 1996 жылы желтоқсан айында Алматыдан жаңа астанаға министрліктің



алғашқы шағын тобы қатарында жанұясымен көшіп, 1999 жылдан бастап Көліктік бақылау комитетінің басқарма басшысы болған. 2000 жылдан ол еліміздің мұнай-газ саласындағы ірі мұнай компаниялары, атап айтқанда «Қазақойл» ҰМК (қазіргі «Қазмұнайгаз», Астана), Қашаған жобасымен шұғылданатын «Аджиб ҚКО» (Атырау), «Қазтеңізкөлігіфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясында (Ақтау) әртүрлі қызметтер атқарған.

«Қазақойл» компаниясындағы теңіз департаментінде бас менеджер және жоба жетекшісі қызметтерін атқарған, 2002 жылы Қашаған жобасымен шұғылданатын компанияның арнайы конкурсынан өтіп, ондағы теңіз жобалары департаментіне кеме жобасын жобалаушы-кеме жасаушы қызметінде болып, жұмыс барысында Солтүстік Каспийде пайдаланылатын кеме жасау жобаларына тікелей қатысып, Еуропаның Швеция мен Норвегия қалаларында жасалған, осы заманға сай «Нұр», «Шапағат» жүзбелі қонақүйлері мен «Тұлпар» мұзжарғыш кемелерін жасауға тапсырыс беруші атынан бақылау жасаушы топ құрамында еңбек еткен. Ресейдің Астрахань қаласында ондаған кеме жасау-жөндеу зауыттары бар. Сол зауыттардың «Қызыл баррикада», «Лотос» және «Астрахань корабелі» зауыттарында қазақстандық тапсырыспен жасалған 12 әртүрлі кемелер жобаларына қатысты. «Қазтеңізкөлігіфлоты» компаниясында кеме жасау департаментін басқарып, Каспий теңізінде пайдаланылатын 3000 тонналық баржаларды қабылдауға (Татарстан, Зеленодольск), сондай-ақ «Астана» типті (Выборг қаласы) 12000 тонна жүк таситын танкерлер жасауға атсалысқаны белгілі.

Сондай-ақ Ә.Қоянбаев – 2008 жылдан 2016 жылға дейін «ҚазМұнайТеңіз» АҚ (Астана, Ақтау), «ҚазМұнайГаз» АҚ «Қазақ мұнай және газ институты» АҚ (Астана) компанияларында қызмет жасап, теңіз қойнауын барлау және өндіру бойынша ірі жобаларына қатысқан. «Қазмұнайгаз» АҚ салынынан кәсіпорындар дирекциясында (Астана) жұмыс жасау барысында Маңғыстау облысы Құрық кентінде жаңа Кеме верфін жобалау және жасау тобын басқарды. Өз мамандығы бойынша Ресейдің Мәскеу, Санкт-Петербург қалаларында білім арттырып, Өзен Регистрі, Ресей Теңіз Кеме қатынасы Регистрінің және ағылшындық Ллойд Регистр классификациялық ұжымдарының эксперт-аудиторы деген атақтарын алған Қазақстандағы алғаш маман. «Астананың 10 жылдығы құрметіне» арналған мерекелік медальмен, бірнеше рет Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі мен өзі қызмет жасаған басқа да компаниялардың құрмет грамоталарымен марапатталған.

Ағамыз 2013 жылы жолдасы Наташа Сабыровамен бірге су көлігі саласына арналған, елімізде тұңғыш, үш тілді «Кеме құрылысы сөздігін» жарыққа шығарды. Қазіргі таңда зейнеткерлікке шықса да Әбдіғали Анарұлы теңіз флоты терминдерінің сөздіктері жобаларын жасап, шығармашылығын жалғастыруда.

ОСЫЛАЙ ЖАТА БЕРЕ МЕ?



Жомарт ЖҰМАНОВ:
– Ш.Құдайбердіұлы, 2/1 мекенжайында құрылыс қоқыстарының үйіліп жатқанына аптадан асты.

АЛМАТЫ АУДАНЫ ӘКІМДІГІ:

– Құрметті Жомарт Жұманов! Сіздің өтінішіңіз бойынша аталған аумақта қоқыс жинау жұмыстары жүргізілді. Фотоматериал қоса берілді. Қала өміріне белсенді қатысқаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

ТАЗА ҚАЛАНЫҢ ТҮРІ ОСЫ МА?

Мира ИЛИЯСҚЫЗЫ:


– А.Бараев аялдамасының маңын тазалайтын ешкім жоқ па? Қыста қары күрелмесе, жазда қоқыс басып жатады. «Таза қала құрамыз» деп қанша даурыққанымызбен, қала ішіндегі кейбір аумақтардың тазалығы өте нашар. Қала әкімшілігі осыған көңіл бөлсе деймін.



БАЙҚОҢЫР АУДАНЫ ӘКІМДІГІ:

– Құрметті Мира Илиясқызы! Сіздің өтінішіңіз бойынша көрсетілген мекенжайда қоқыс жинау жұмыстары жүргізілді, фотоматериалдар қоса берілді. Қала өміріне белсенді қатысқаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

КӨК ШӨПКЕ ДЕ КҮТІМ КЕРЕК



Құрманбай ҚУАТОВ:

– Ш.Құдайбердіұлы, 2/7 мекенжайында шөп, ағаштардың күтім көрмегеніне ұзақ уақыт болды. Жасыл желекті үзбей суарып, майсаны уақытылы күтімдеп тұрса жақсы еді.


АЛМАТЫ АУДАНЫ ӘКІМДІГІ:

– Құрметті Құрманбай Қуатов! Аталған мекенжайдағы жасыл алаңқайлардың арам шөбі оталып, күтім жұмыстары жүргізілді. Қалпына келтірілгеннен кейінгі фотоматериалдар қоса берілді. Орта тазалығына көңіл бөлгеніңіз үшін алғыс білдіреміз.

КӨЛКІГЕН СУДАН КӨЗ АШПАЙМЫЗ

Әділхан ЖҰМАҚАНҰЛЫ:

– М.Ғабдуллин, 1 мекенжайындағы тұрғындар жаз бен көктемде көлкіген судан көз ашпайды. Біздің тұрғын үй кешені ойпаң жерге орналасқандықтан, А.Бараев, А.Иманов көшелері мен Республика даңғылы жақтан жиналған су біздің аумаққа қарай ағады. Құзырлы орындарға айта-айта жалықтық. Жаңбыр көп жауған кезде үйге кіріп-шығудың өзі мұңға айналады.



БАЙҚОҢЫР АУДАНЫ ӘКІМДІГІ:

– Құрметті Әділхан Жұмақанұлы! Сіздің өтінішіңіз бойынша көрсетілген мекенжайда су сору жұмыстары жүргізілді, фотоматериалдар қоса берілді. Қала өміріне белсенді қатысқаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

ҚОҚЫС БАСҚАН АЛАҢҚАЙ



Жанар ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ:

– Б.Момышұлы, 19 мекенжайындағы балалар алаңын ешкім тазаламайды. Алаң қоқысқа толып жатыр.

АЛМАТЫ АУДАНЫ ӘКІМДІГІ:

– Құрметті Жанар Төлегенқызы! Көрсетілген мекенжайда тазалық жұмыстары жүргізілді. Фотоматериал қоса берілді. Қала өміріне белсенді қатысқаныңыз үшін алғыс білдіреміз.



ТАҒЫ ДА СУ ТАСЫДЫ

Ғалым ЕРКІН:

– Бараев-Уәлиханов көшелерінің қиылысы аз жаңбыр жауса көлкіген суға толып, әрі-бері өткен жүргіншілерге үлкен қолайсыздық туғырады. Жолдан өтудің өзі қиын.



БАЙҚОҢЫР АУДАНЫ ӘКІМДІГІ:

– Құрметті Ғалым Еркін! Сіздің өтінішіңіз бойынша көрсетілген мекенжайда су сору жұмыстары жүргізілді, алдағы уақытта жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Фотоматериалдар қоса берілді. Қала өміріне белсенді қатысқаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒЫНАН ӘЛСІЗ ТОПТАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

(Жалғасы. Басы газеттің №72 (4041) санында)

Азаматтардың кезектілігі 2020 жылғы 28 ақпандағы жағдай бойынша берілді.

Table with columns: Кезек нөмірі, Тегі, Аты, Әкесінің аты, Кезекке қойылған күні, Санат. Rows include names like РУДАКОВА, ТАТЬЯНА, ЮРЬЕВНА, etc.

Table with columns: Кезек нөмірі, Тегі, Аты, Әкесінің аты, Кезекке қойылған күні, Санат. Rows include names like КАИКИБАЕВА, ЭЛЬМИРА, БАЗАРБАЕВНА, etc.

Table with columns: Кезек нөмірі, Тегі, Аты, Әкесінің аты, Кезекке қойылған күні, Санат. Rows include names like ТАШМАГАН-БЕТОВА, НАРГИЗА, МАЙЛЮБА-ЕВНА, etc.



Table with 5 columns: ID, Name, Surname, Date, and Description. Contains entries 9535 through 9617.

Table with 5 columns: ID, Name, Surname, Date, and Description. Contains entries 9618 through 9694.

Table with 5 columns: ID, Name, Surname, Date, and Description. Contains entries 9695 through 9778.

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

Table with columns for ID, Name, Surname, Patronymic, Date of Birth, and Status. Rows include names like КОЖАБАЕВА, ИШУНИНА, ИЗТЕЛЕУОВА, ШЕВЦОВА, ОРЫН, АШИМОВА, ДАУТАЛИЕВА, ЖАНАТАЕВА, АБДРАШИТОВА, СУМБАЕВ, КАСЕНОВА, КАСЫМОВА, МУСАБАЕВА, ШАЙМАГАМБЕТОВА, МУХАМЕДГАЛИЕВА, ВЕСНИНА, КАШЕНОВА, БАЯТХАН, ҚАЖЫМУҚАНБЕТУЛЫ, НИЯЗБЕКОВА, АМИРОВА, ӘБЛІҚАСЫМОВА, ВОРОБЬЕВА, СҮЛЕЙМЕНОВА, ИСКАКОВА, КАПАРОВА, ШАТАНОВА, СУЛТАНОВА, БАЙЧАКОВА, ОРАЗБАЙ, ТӨЖІБАЕВА, ҚУРМАНГАЛИЕВА, НУРСҮЛТАНОВА, ТҮЛЕГЕНОВА, АДІЛБЕКОВА, УСМАНОВА, УМАРОВА, КУСАИНОВА, КАСЫМБЕКОВА, МҮСАБЕКОВ, ШЕГЕБАЕВА, АЙТЕКЕНОВА, АБДИГАЛИЕВА, ЖУНУСОВА, ДҮСЕКОВА, ЯСКЕЛЬЧИК, АШИҚБАЕВА, ФАТКУЛИНА, РАШИТОВА, МАМЕНОВА, АДІЛХАНОВА, ОРАЛБАЕВА, ҚУРЫМБЕКОВА, МҮТӨКЕН, ҚЫРЫҚБАЕВА, БЕГЕНОВА, АХМЕТОВ, ИСКАКОВА, БАЙДЫБЕКОВ, ЗАКІРҮЯНОВА, БІЛДЖИЕВА, ОРЫМБАЕВА, НОГАЕВА, ШАХУТОВА, МАХАТОВ, ТНАЛИЕВА, БЕЙСЕНОВА, БАЙГЕНЖИН, КОШЖАНОВА, МЕНДИБАЕВА, МЕЙРКАНОВА, ЕРАЛИЕВА, ЗВОНОВА, КАСЕНОВА, САРЫБЕК, ОСПАНОВА, БАЙСАМАТОВА, ХАРСИЕВА, КАЛДЫБАЕВ.

Table with columns for ID, Name, Surname, Patronymic, Date of Birth, and Status. Rows include names like МАКОГИН, КАСЫМОВА, БУТАБАЕВ, ИМАНБЕРДИЕВ, КАЛИЕВА, МАХАНОВА, БУЛТАЕВА, САЛТАНАТ, ТАСТАМБЕКОВА, ТӨЖІБАЙ, ҰЖЕКЕНОВА, НУРТАЗИНА, ЕГЕҰБАЕВА, ЖУМАБЕКОВА, БЕКМАГАМБЕТОВА, ЖУСУПОВА, БЕКМУТАМБЕТОВА, МАХАНОВА, ҚУРБАНОВА, ҚУТТЫБАЕВА, КУДАСОВА, СИМОНЕНКО, ЖЕТІСІБЕКОВА, АБЕУОВ, СМАЙЛОВ, ШАКИРОВ, КАРМАНОВА, ОРҚАШБАЕВА, ҚАДЫРБЕКОВА, ДЖАППАРБЕКОВА, ТАЙШИКОВА, АШШУРИНА, ЖАНТІЛЕЕВА, БЕКТАНОВА, МУСІНА, ДАУТБАЕВА, ЖАЙДАҚБАЙ, КАЙДАРОВА, ШИЛКИНБЕКОВА, ИСКАКОВА, СЫЗДЫКОВА, АМАНБЕКОВА, МАҚАШЕВА, СОЛОВЕИ, АДІПҚАСЫМОВА, ТАШЕНОВА, ВYРВИЧ, ИСАНОВА, ТАРАН, НАЛТАЕВА, АЛПОВА, ЭГАМБЕРДИЕВА, КҮНБЕРХАН, АКИШЕВ, МҮХАМЕТЖАНОВА, ТҮЛЫМКОЖИН, БОГУМБАЕВА, НҮРКЕНОВА, ТУРГЫМБЕКОВА, АДЫЛКАНОВА, ПАЛЫЧЕЙ, АГЫЗАН, ШАРАПИДЕНОВА, МЫРЗАЛИЕВА, ПЕТРИКАНИНА, ДУРБАЕВ, ТАЖИГАЛИЕВ, УСЕРБАЕВА, ЖОЛЫМБЕКОВА, ИСХАН, РАХИМБЕКОВА, КАЛДЫБЕК, ЖАҚЫПОВА, БАЙМАХАНОВА, ЕНДІБЕРГЕНОВ, МҮҚШИЕВА, САДУОВА, ТҮТҰБАЕВА, БИРЖАНОВА, РАХИМЖАНОВА, МАКИШЕВА.

Table with columns for ID, Name, Surname, Patronymic, Date of Birth, and Status. Rows include names like НҮРКЕЕВА, МҮҚШОВ, ШИНИБАЕВА, ЖАЙЛАУБАЕВА, СЕМБІ, ҚАЙДАР, ЕСЕНГЕЛДИЕВА, ЕСЕНТЕМИРОВА, БҮРТЕГҮЛОВА, ИМРАНОВА, БОБАРНЕВ, СЫДЫКОВА, ИСКАКОВА, ЕЛЕУСИЗОВА, АЖМАГАНБЕКОВА, КАПАРОВА, АБЛИКАРИМОВА, ЖАРҒУЛОВА, ӘБДИНОВА, АЛТЫНБЕКОВА, МАДАЕВА, ТИТОВА, ДАУИТХАН, ДАУЛЕТБЕКОВА, ИМАНТАЕВА, КЕНЖЕБАЕВ, ОСИПОВ, ТҮРСЫН, НҮРЫМБЕКОВ, ЖАНСЕЙТОВА, КАШАУБАЕВА, БАЙДЕЛЬДИНОВ, АСАИНОВА, КАСЕНОВ, ХАЛИЛЛИН, БИРНАЗАРОВА, ЕРМЕКБАЕВА, БЕРМАНОВА, САГИНДИКОНОВА, МОНТАЕВА, МАТВЕЕВА, СКОРОХОЛОВА, АУАНОВА, САНЫЗОВА, ОСПАНОВА, КАСЫМОВА, БАЙНАЗАРОВА, ОМАРБЕКОВА, ОСМАНОВА, ЕРЖАН, АСКЕРБАЙ, БИМЕНДИНА, СЕЙТЕНОВА, ДОСКЕНОВА, АЛЖАНОВА, ДОСЫМОВА, АМАНКУЛОВА, АБДУОВА, СТРЕБКОВА, БАЙМАГАМБЕТОВА, САТЫМБЕКОВА, АЛИЕВА, ЛУГОВАЯ, БЕКХОЖИНА, СІЛМҒАЛИЕВ, ТҮЛЕНГУТОВА, ФАТЕЕВА, КРАВЦОВА, СЫЗДЫКОВ, ДЖУМАТАЕВА, ЖУНУСОВА, МҮСІНА.



Table with 5 columns: ID, Name, Surname, Date, and Status. Contains entries 10011 through 10100.

Table with 5 columns: ID, Name, Surname, Date, and Status. Contains entries 10101 through 10189.

Table with 5 columns: ID, Name, Surname, Date, and Status. Contains entries 10190 through 10267.

(Жалғасы бар)

ІРГЕЛІ ЗЕРТТЕУЛЕР – ІЗДЕНІС ЖЕМІСІ

» Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Ұлы Абай атамның 175 жылдық мерейтойына орай «Абай академиясы» сериясымен жарық көрген іргелі зерттеу жинақтары оқырманға жол тартты.



Тағылымы мол шараның ашылуында аталған оқу ордасының басшысы, академик Ерлан Сыдықов биыл университеттің тікелей қаржыландыруымен «Абай академиясында» 18 арнайы жобаны іске асыру қолға алынғанын атап өтті.

– Бұл игі шараның маңызды тұсы – «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институтында орындалған арнайы жобалар-

дың аясында әзірленіп, баппандан жарық көрген академиялық басылымдарды оқырман қауымға ұсыну. Бұл басылымдар арнайы «Абай академиясы» сериясы деп аталады, – деді ректор.

Содан кейін ол Мемлекет басшысының бастамасымен университет жанынан «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институты құрылғанын, бұл ғылыми құрылым «Абай Құнан-

байұлы мұрасы және қазіргі Қазақстан: жаңаша аспектіде жүйелеу, талдау және басылымға даярлау» атты кешенді ғылыми жобаны жүзеге асыруды қолға алғанын жеткізді.

Қазақ мәдениеті мен әдебиетіндегі ұлы тұлға, әлемдік деңгейдегі суреткер Абай Құнанбайұлының мұрасына жаңаша көзқарас, заманауи әдіснама негізінде талдауға бағытталған

зерттеулер ерекше орын алатыны сөзсіз. Осы арнада белгілі абайтанушы-ғалым Тұрсын Жұртбайдың «Білмей мұны жазған жоқ... (Абай өлеңдерінің жаңадан табылған қолжазба нұсқалары)» атты екі кітаптан тұратын еңбегінің таныстырылымы болды.

Сондай-ақ қабырғалы қаламгер Тұрсын ағаның «Кешегі өткен би Құнанбай» еңбегі қазақ тарихындағы ірі тұлғалардың бірі, «қарадан хан шыққан» аға сұлтан Құнанбай Өскенбайұлының шынайы бейнесін тарихи шындық тұрғысынан танытуға бағытталған. Автор әуелі көркем бейне ретіндегі Құнанбайға таңылған әрекет пен тағылған айыптауларға назар аударып, бұлай болуының себептерін талдап көрсетеді.

Сонымен бірге ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, заң ғылымдарының докторы, профессор Нұрлан Дулатбековтің «Құнанбай Өскенбаев ісі» атты дерекнамалық зерттеу кітабы да көпшілікке таныстырылды.

Айта кетейік, алдағы тамыз айына дейін Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Абай академиясы» сериясымен бұдан бөлек 14 ірі зерттеу еңбегі жарық көреді деп жоспарланып отыр.



«АСТАНА» – ЖАРЫС АЛДЫНДА

» Пандемияға байланысты тоқтап қалған халықаралық жарыстардың жаңа кестесі жариялана бастады. Осы ретте Қазақстан велошабандоздары да маусымдық жарыс жолына шығатын үздіктерді анықтады.

Әлемдік жарыстарды ел намысын қорғайтын «Астана» вело клубының көшбасшысы, Қазақстан чемпионы Алексей Луценко жаңа маусымды Италияда өтетін «Страде Бьянке» турынан бастайды. Содан кейін команда велошабандоздары «Гран Триттико Ломбардо», «Милан-Турин» және «Милан-Сан Ремо» жарыстарына қатысады. Мигель Анхель Лопес пен Алексей Луценко «Критериум дю Дофине» турнирінде жұптасып бақ сынады. Сондай-ақ Қазақстан чемпионы жылдың байрақты бәсекесі «Тур де Франс» вело көпкүндігінде сынға түсетін болды.

ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА ТҰР

» Севастополь халықаралық «Жеңіске бірге жеттік» деректі фильмдер мен телебағдарламалар фестивалінің ресми сайтында «Ұлы Жеңістің 75 жылдығы» шарасы аясында аталған байқаудың әр жылдары жүлдегері болған 75 үздік деректі фильмнің тізімін жариялады.

Бұл тізімге ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысымен Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясында түсірілген режиссер Сатыбалды

Текеевтің «Сағадат Нұрмағамбетов. Соңғы сұхбат» атты фильмі еніп отыр.

Естеріңізге салсақ, 2016 жылы бұл туынды «Жеңіске бірге жет-

тік» XII халықаралық деректі фильмдер мен телебағдарламалар кинофестивалінде «Үздік портреттік очерк» сыйлығын жеңіп алды.

Фильм Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы, тәуелсіз еліміздің алғашқы Қорғаныс министрі, армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовке арналған.

Айта кетейік, тізімге енген деректі фильмдерді Facebook және ВКонтакте әлеуметтік желілерінде көруге болады.

Бетті дайындаған Азамат ЕСЕНЖОЛ

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ НАСИХАТТАЙДЫ

» Брюссельдегі Қазақстанның Бельгиядағы елшілігі жанынан «Тіл-Қазына» Қазақ мәдени орталығы ашылды.

Қазақстанның Бельгиядағы елшісі Айгүл Құспан өз сөзінде Қазақ мәдени орталығы арқылы мемлекетіміздің рухани бай мәдениеті мен тарихын насихаттауға ниетті екенін атап өтті.

– Болашақта біз Қазақстаннан асырап алынған балаларды, сондай-ақ қазақ диаспорасын мәдени орталығымыздың жұмысымен таныстыруды жоспарлап отырмыз. Олар үшін Ота-

нымен байланысын сақтауға орталығымыз себепкер болады деген үміттемін. Тіл – халық тарихы, тіл – ұлттық қазына, тіл – біздің намысымыз, арымыз, байлығымыз. Әр ұлт ана тілінің өзіндік ерекшелігімен, қалыптасуымен дараланады. Халқымыздың өткені мен болашағы, баға жетпес байлығы – ана тілі. Олай дейтін себебіміз, тіл – халықтың ұлттық болмысы, сәні, кескін-келбеті, тарихы. Мәдени

орталығымыз бәрімізге ортақ қазына болады, – деді елші.

Жаңа ашылған орталықта қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақтар, ел тарихы мен мәдениеті туралы семинарлар, ұлттық қолөнер мен тағамдар бойынша шеберлік сыныптарын өткізу жоспарланып отыр. Сонымен бірге онда екі жыл бұрын елшілік құрған қазақ би орталығы өз жұмысын жалғастырады.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС
Директор – Жарқын ЖҰМАДИЛОВ

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Шеф-редактор – Төлен ТІЛЕУБАЙ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Апталық таралымы – 15 000

Тапсырыс №73

Баспаханасы: Нұр-Сұлтан қаласы,

Сілеті көшесі, 30.

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК astana.aqsham@gmail.com

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 703-212 Тілшілер бөлімі: 70-32-14, 70-32-17 Үйлестіруші: 70-33-05 Жарнама: 70-33-06

astana.akshamy@mail.ru